

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан бастап қайта жаңғыртты

ҚАЗАҚСТАНДА 16 МАМЫРДА  
4 ПАЙЫЗДЫҚ АВТОНЕСИЕГЕ  
ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



ПАЛЕСТИНА 75 ЖЫЛДА  
85 ПАЙЫЗ ЖЕРІНЕН ҚАЛАЙ  
КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛДЫ?



## САЯСИ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНА  
ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛМЕК?



2022 жылғы 5 маусымда өтетін ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы референдумға 11,7 млн адам қатысады

**Б**ұған дейін егемен еліміздің тарихында екі рет жалпыхалықтық референдумның өткені белгілі. Ал, Қазақстанның саяси жаңару жолын айқындайтын үшінші жалпыхалықтық референдум Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 5 маусым күні өтетін болды. Осылайша, Жаңа Қазақстан демократия жолымен дамудың жаңа дәуіріне аяқ басқалы тұр. Яғни, Президент соңғы сөзді халықтың өзіне қалдырды. Елдің саяси жүйесін өзгеріске ұшырататын тағдыршешті кезеңде ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті ҚР Конституциясына енгізілетін түзетулер мен толықтыруларға тоқталады.

Президенттің жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызметтер атқаруға тыйым салынады.

«Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа оның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет», – деп нақтылады Қасым-Жомарт Тоқаев.

### АТА ЗАҢНЫҢ ҮШТЕН БІРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

Сонымен, Ата Заңның шамамен үштен біріне өзгерістер енгізу көзделіп отыр. Олардың негізгілері:

- Қазақстан басқарудың суперпрезиденттік формасынан мықты парламентке ие президенттік формаға көшеді;
- Президенттің туыстарына жоғары мемлекеттік қызметтерді атқаруға тыйым салынады;
- жер, жер астындағы байлық халыққа тиесілі болады;
- қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады;
- Қазақстанда өлім жазасы болмайды;
- Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша қалыптасады;
- Сенаттағы президенттік квота қысқарады, Мәжілістегі ҚХА квотасы жойылады;
- Мажоритарлық жүйе сайлаушылардың қалауы бойынша депутаттың өкілеттігін тоқтатуға мүмкіндік береді.

04-бетте

## СҰРАНЫС КӨП, САПАЛЫ СҮТ АЗ

ҚАЗАҚСТАНДА СҮТ ПЕН  
СҮТ ӨНІМДЕРІ НЕГЕ ЖЕТІСПЕЙДІ?



Нарықтағы отандық сүт пен қышқыл сүт өнімдері (айран) 80 пайызды құраса, майдың көлемі – 60 пайызды, ірімшік – 45 пайызды құрайды. Яғни, қалған өнімдер сырттан келеді...

**Ұ**лттық статистика бюросының 2021 жылғы желтоқсандағы мәліметінше, елімізде Зеңгі баба түлігінің саны 4,2 млн басты құрайды. Яғни, бір жылда сиыр саны 200 мыңға артты. Дегенмен, 1990 жылы оның саны 9,7 млн басқа жеткенін ескерсек, қазіргі статистикаға көңіл толмайтыны да рас. Әрине, бұл басқа тақырыпқа арқау болар өзекті мәселе. Статистикаға оралайық. Елдегі сол 4,2 млн бас сиырдың 51,5%-ы – жекелеген адамдардың, 41,5%-ы – шағын фермерлердің, 7%-ы – ірі шаруалардың қолында екен. Ал, былтыр Қазақстанда 6,2 млн тонна сүт сауылды. Оның өзі заман талаптарына сай келмейтін көрінеді. Содан отандық сүт зауыттарында шикізат жетіспейді. Соның салдарынан сүт өнімдерінің 30-35%-ы сырттан келеді. Тіпті, бұл саланың жұмысы жүйелі жолға қойылмаса, онда сүт өнімдерінің импорты 60-65 пайызға дейін жетуі мүмкін. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін қазақстандық сүт және сүт өнімдеріне қатысты мәселелерге тоқталады.

### Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ

#### АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛУҒА ТАҒЫ БОЛМАЙДЫ

Қазақстан сүт одағының мәліметіне сенсек, былтыр 6,2 млн тонна сүт сауылды, соның 1 млн тоннасы ғана тауарлық, яғни өндіріске жарамды сүттер болды. Жарамды сүттердің 78%-ын шағын шаруашылықтар, қалған 22%-ын арнайы мамандандырылған ірі шаруашылықтар берді. Демек, жарамды сүттердің 78%-ын беретін шағын шаруашылықтардың жұмысты арнайы талаптарға сәйкес келмейтіндіктен, өнімдерінің сапасы да сын көтермейді. Сондықтан еліміз «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі» техникалық регламенті бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) талабын 2025 жылға дейін орындауға міндетті. Әйтпесе, отандық сүт және сүт өнімдерін шығаратын зауыттардың басына қара бұлт төнеді. Негізі, 2020 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан үшін одақтың «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі» техникалық регламентіне өтпелі кезеңі аяқталуы тиіс болған. ҚР Үкіметінің бастамасымен бұл уақыт кейінге шегерілді.

03-бетте

ӘТБАСЫ

ӘЙЕЛДЕР ИПОТЕКАСЫ

ҰМАЙ

БАСТАПҚЫ ЖАРНА

15%



АҚОРДА АЙНАСЫ



Кеше, 16 мамырда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қойылғанына 30 жыл және ұйымның құрылғанына 20 жыл толуына орай өткен ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мерейтойлық сессиясына қатысты.

«АУҒАНСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚАУІПСІЗДІГІМІЗГЕ ҚАТЕР ТӨНДІРІП ТҰР»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰҚШҰ-НЫҢ МӘСКЕУДЕ ӨТКЕН МЕРЕЙТОЙЛЫҚ САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуге қатысқандарға және мерейтойлық сессияны ұйымдастырғаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдіріп, ҰҚШҰ-ның 30 жыл ішінде одан әрі даму үшін зор әлеуеті бар көпжақты ынтымақтастықтың нақты механизмі ретінде қалыптасқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде халықаралық терроризм мен экстремизмге, заңсыз есірткі және қару-жарақ айналымына, көші-қонға, соның ішінде Ауғанстандағы ахуалдың өршуіне қарсы іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударды.

«Ауғанстандағы жағдай, сондай-ақ осы елдің аумағындағы қарулы топтардың белсенді әрекеті мемлекеттеріміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қатер төндіріп отыр. ҰҚШҰ барлық ықтимал қауіп-қатерлерді ескеріп, Орталық Азияның оңтүстік шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлуі керек деп есептеймін», – деді Қазақстан Президенті.

Кездесу қорытындысы бойынша ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мерейтойлық мәлімдемесін қабылдады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

Газет шығатын сейсенбі, яғни 10 мамыр Ұлы Жеңіс күніне арналған демалыс күнімен тұспа-тұс келгендіктен «Qazaq» газетінің бұл саны қосарланып жарық көргенін хабарлаймыз!

Қазақстанда жеке тұлғалардың, азаматтардың ойы, пікірі, олардың құқығы басты орынға қойылатын мемлекеттік жүйе құрылайын деп жатыр. Жаңа Қазақстанда, Екінші Республикада өзінің қабілеті, ойы, пікірі бар азаматтардың мақсаты болса, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, іске асырады деген сөз.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫН БІРГЕ ЖАЗАЙЫҚ!



Күшпен бостандық бірінші орында, олар Жаңа Қазақстанды құрудың негізі. Қаңтар оқиғасына әкеліп соқтырған, салдарынан Ел Тәуелсіздігінен айырылып қала жаздаған «Елбасы» саяси жүйесінің идеологиясына баға беруіміз керек.

Біз Конституцияны өзгерту не жаңа Конституция қабылдау туралы референдум өткізуге бастамашы боламыз. Бұл мәселені билік көзі ретінде халық өзі шешуі керек. Егер бұл мәселені Президент Тоқаев көтерсе, біз қолдаймыз.

Қадірлі Отандастар, Жаңа Қазақстанның жаңа тарихын бірге жазатын, бірге ортақ шешім қабылдайтын, бірге талқылайтын сәт келді. Сондықтан референдумға бәріміз бір адамдай белсенді түрде қатысып, азаматтық позициямызды, ой-пікірімізді айтып, Қазақстан Республикасының Ата Заңын бірге жазайық!

Руслан ХАМЗА,

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жөніндегі Ұлттық орталығының атқарушы директоры, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

Алматы қаласындағы тексеріс кезінде мамандар таулы жерде от жағудың 39 жағдайының алдын алды. Сондай-ақ, таулы-орманды жерлерде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін 21 адам жауапқа тартылды. Бұл туралы Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің Баспасөз қызметі хабарлады.

«Рейд барысында табиғат аясында демалушыларға 10 мыңға жуық жадынама таратылды. Сонымен қатар, 21 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, екеуіне 76 575 теңге көлемінде айыппұл салынды», – делінген хабарламада.

Орман шаруашылығы мекемелері мен табиғатты қорғау полициясының қыз-

ТАУДА ОТ ЖАҚҚАНДАРҒА 30 МЫҢНАН 306 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ



меткерлері қорғалған аумақтарда от жаққандарға 30 мыңнан 306 300 теңгеге дейін айыппұл сала алады.

«Демалушылардан тұтанған темекіні құрғақ шөпке тастамауды, от жақпау және ашық отты пайдаланбауды, шыны сындықтарын және басқа да қоқыстарды қалдырмауды сұраймыз. Сонымен қатар Медеу ауданындағы Медеу табиғи паркінде және Наурызбай ауданындағы Ақсай шатқалында от жағуға болмайды», – деп ескертті мамандар.

Мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған және Қазақстан Республикасының заңнамасында кемсітушілік терминдерді жою және «мүгедек» деген ұғымды «мүгедектігі бар адам», «мүгедек бала» деген ұғымды «мүгедектігі бар балаға» ауыстыру туралы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Мәжілісте екінші оқылымда мақұлданды. Бұл туралы Мәжілістің әлеуметтік мәдени даму комитетінің мүшесі Лариса Павловец мәлімдеді.

«Мүгедектігі бар азаматтардың денсаулық сақтау ұйымдарында бірінші кезекте қызмет көрсету, техникалық және құқықтық сипаттағы әрекеттерді жасау кезінде жеке нотариустардың қызметін тегін алу, ақпаратқа қол жеткізу және кедергісіз орта қалыптастыру құқықтарымен қамтамасыз ету бөлігінде бірқатар өзгерістер мен то-

ЕЛІМІЗДЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАРҒА НОТАРИУСТЕР ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



лықтырулар бар», – деп түсіндірді Лариса Павловец.

Заң жобасына ерекше қажеттілігі бар азаматтарға еңбекке қабілеттіліктен айыру дәрежесін белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптамадан сырттай өту мүм-

кіндігін беру, дәріханасы жоқ ауылдық жерлердегі азаматтар үшін медициналық бұйымдар мен дәрілік заттарды денсаулық сақтау ұйымдары арқылы өткізу сынды түзетулер енгізілді.

«Аталған заң жобасында мүгедектігі бар баланы шипажайға емдеуге алып жүретін заңды өкілінің біреуіне 70% жеңілдік жасау туралы шешім қабылданды. Бұдан өзге жүріп-тұруы шектелген азаматтарды тасымалдауға бейімделген автобустарды көбірек сатып алу сияқты нормаларды 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізу туралы шешім қабылданды. Комитет «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, оны Парламент сенатының қарауына жіберуге болады деп есептейді», – деді Лариса Павловец.

Жуырда Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары өткен болатын. Алғашқы күнінде «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты үш бірдей үлкен секция диалог форматында өтті. Секция жұмысында «Саяси реформалар бағдарламасы және жалпыұлттық бірлік. Жаңа Қазақстан және Қазақстан халқы Ассамблеясын жаңғырту», «Халық бірлігі: білім беру, мәдениет, азаматтық қоғам институттары мен mass media рөлi» қарастырылды. Алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамындағы жастар секциясы да өтті. Онда депутаттар, ҚХА мүшелері, тарихшы ғалымдар, тілтанушылар, саясаттанушылар, ЭКО өкілдері қоғамды жаңғырту қажеттілігі, қазақ тілінің қоғамды біріктірудегі рөлі туралы мәселелерді көтерді.

XXXI сессияның жұмысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзін назар сала тыңдай отырып, шын мәнінде, біз жаңа оқиғаларға куә болғанымызды сезіне түстік. Президент өз сөзінде көптеген мәселелердің аражігін ашып беріп, ҚХА бейбітшілік пен келісім саясатының берік институционалдық тірегі болып қала беретініне сенім білдіріп, осы сессияның міндеттері – Ассамблеяның саяси жүйені реформалаудағы орны мен рөлін айқындау және оның одан әрі даму векторын белгілеу екендігіне жіті тоқталды.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің өзегі. Еліміздің басты қорғаушы күші – қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтау. Бұл – Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет. Біздер үшін түрлі ұлт өкілдерінің өзара түсіністігі баға жетпес құндылық, ал бейбітшілік, келісім мен тұрақтылық бүкіл мемлекеттік саясатымыздың негізі болып табылады. Дүрбелеңге толы бүгінгі заманда Қазақстан басқаларға ұлтаралық татулықтың, өзара сенімділікпен өмір сүрудің нағыз үлгісін көрсетіп отырған ел.

Білімнің қарашаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде де бірнеше ұлттың өкілдері білім алады. Бәрінің мақсат-мүддесі бір, ол – бейбіт елде алаңсыз білім алып, жарқын болашаққа бет бұру. Осы мерекеге орай Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Береке бастауы – бірлік» тақырыбында студенттік этнофестиваль өткізілді. Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әр ұлттың өнерін насихаттау мақсатындағы этнофестивальдің маңызы зор екендігі түсінікті. Іс-шараның мақсаты – ел ішіндегі түрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, төзімділікті, ортақ құндылықты бір арнаға тоғыстыру. Абай университетінде өткен студенттер этнофестивалін қолдау мақсатында Алматы қаласы бойынша Достық үйіндегі этномәдени бірлестік өкілдері құттықтай келіп, өз өнерлерін ортаға салды.

Этнофестивальді салтанатты түрде құттықтау сөзімен университетіміздің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шыңғыс Нұрланов ашты. Содан кейін Алматы қалалық «Ариана» ауған орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы, құрметті қонағымыз Ахмадулла Васток өз жылы лебізін білдірді. Өзге ұлттардың қазақ хал-

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІК



Этномәдени бірлестік ардагерлерінің, студенттік аудиторияларға қоғамдық дәріс оқу сәтінен

қына деген ықыласына ризашылықтарын білдіре отырып, физика және информатика институтының 2-курс студенттері Айгерім Демисенова, Нұрай Қиса, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті Әлішер Маратұлы, филология және көптілді білім беру институтының 2-курс студенттері Аружан Иосифова, Қаламқас Берікбай, Алишер Джарылқапов пен Махаббат Тоқтар өнер көрсетті.

Шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО-на дейінгі дайындық факультетінің корей, қытай, египет, филиппин, түркімен, араб ұлты өкілдерінің студент жастары «Нас объединил Казахстан» композициясымен өнер көрсетті. Қазақ ұлтының «Шаттық» биімен «Аққербез» тобы, орыс ұлтының «Кадриль» биімен «Весенняя капель» тобы, өзбек ұлтының «Хорезм» биімен «Руми» тобы, ұйғыр ұлтының «Баһар уссули» биімен «Арзу» тобы, тәжік ұлтының «Бале-бале» биімен «Ситора» топтары да сахнада өнерлерін паш етті. Мерейлі мерекемен құттықтап келген қадірлі қонақтарымыздан Қазақстандық орыс мәдениеті орталығынан еврей халқының «Чирибим» биімен, корей халқының «Лотос. Цветок Восхода» биімен «Flower dance» би ұжымы, Достық үйінің Африка орталығы ұжымы «Барабандар» номерімен, Алматы қалалық Әзербайжан қауымдастығынан «Бахар» ансамблі «Наз-элеме», «Лизгинка» билерімен, ұйғыр ұлтының өнер иелерінен П.И.Чайковский атындағы музыкалық колледжден «Сардар» ансамблі, кәсіби әнші Қалбинур Аруп «Гүлбаққа» әнімен өз өнерлерін студент жастарға тарту етті. Этнофестиваль барысын талқылау мақсатында ҚХА кафедрасының қызметкерлері қонақтарды әр ұлттың тағамдары әзірленген дастарханға шақырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы 2018 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қойылып, ашылғаннан бері үздіксіз жұмыс атқарып келеді. Білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәрбие жұмыстары бағытындағы жоспарлардың орындалуы өз алдына, кафедра студенттердің «Бірлік» Ассамблеясымен бірлесіп көптеген қоғамдық шараларды өткізуге белсене араласуды. ҚХА кафедрасы тарапынан барлық мамандықтар бойынша «Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі» пәні қазақ және орыс топтарының барлығында жүргізіледі. Достық үйімен тығыз сабақтастық орнатылған, ынтымақтастық негізінде түрлі іс-

шаралар жиі өткізіліп тұрады. Ассамблея құрамындағы этномәдени бірлестіктің ардагерлерін студенттік аудиторияларға қоғамдық дәріс оқуға тарту дәстүрге айналды. Олар Қазақстан қоғамындағы тыныштық пен тұтастықты сақтаудағы іс-әрекеттерімен, Отан алдындағы жауапкершіліктің қыр-сырымен бөліседі, студенттердің сурақтарына жауап бере отырып, өз тәжірибелерін ортаға салады. Биылғы оқу жылында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі, «Филия» Қазақстанның грек қоғамдары қауымдастығының төрағасы Иорданиди Георгий Константинович, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Ахыска» түрік этномәдени бірлестігі басшысының орынбасары Қасимов Қазақбай Таштемірұлы және «Ирныхас» осетин мәдени ағартушылық орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мамсуров Казбек Владимирович студенттерге дәрістер оқыса, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Республикалық ұйғыр этномәдени орталығы төрағасының орынбасары, «Ұйғыр авазы» республикалық газетінің бас редакторы Асмагов Ершат, «Коре ильбо» республикалық газетінің бас редакторы, «Қазақстан корейлері қауымдастығы» ЗТБ төрағасының орынбасары Ким Константин Станиславович Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Алғас айту күні мерекелеріне арналған дөңгелек үстелге қатысып, өздерінің этномәдени орталықтарының жетістіктерімен бөлісті. Кездесу соңында Қазақбай Таштемірұлы қазақ даласында жалғастырып келе жатқан құмырнашалық «Мәңгілік ел құшағында» кітабын, ал Константин Станиславович Қазақстан корейлерінің энциклопедиясын кафедраға сыйға тартты. Зерттеу жұмыстары мен оқу үдерісінде бұл ақпараттардың пайдасы болары даусыз.

Абай университетіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен студенттердің «Бірлік» Ассамблеясы мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруға үлес қосып, қазақ қоғамындағы халықтың біртұтастығын қолдайтын іс-шаралары туралы ақпараттық жұмыстарды да жүргізіп келеді.

Университет басшылығының қолдауымен атқарылып жатқан кафедра жұмыстары Ел Президенті атап өткен маңызды істерді атқаруға бағытталғанын және оған әрқашан дайын екенін ерекше айта аламыз.

Гүлжынан ШАҺАРМАН,  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Қазақстан халқы Ассамблеясы  
кафедрасының меңгерушісі





■ Қазақстан сүт одағының мәліметінше, 2021 жылы елімізде 6,2 млн тонна сүт сауылды, соның 1 млн тоннасы ғана тауарлық, яғни өндіріске жарамды сүттер болды...

# СҰРАНЫС КӨП, САПАЛЫ СҮТ АЗ

## ҚАЗАҚСТАНДА СҮТ ПЕН СҮТ ӨНІМДЕРІ НЕГЕ ЖЕТІСПЕЙДІ?

01-беттен

Осылайша, 2019 жылдың соңында Санкт-Петербургте (Ресей Федерациясы) өткен ЕАЭО кеңесінің отырысында Қазақстанның аталған одақтағы «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі» техникалық регламенті бойынша өтпелі кезең уақыты 2025 жылға дейін ұзартылды. Бүгінде ҚР Үкіметі бұл бағытта бірқатар маңызды қадамдарды жүзеге асырып, сала жұмысын жоғарыдағы техникалық регламентке сәйкестендіріп жатыр. Мәселен, 2017-2021 жылдарға арналған Агрөнеркәсіптік кешенді дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында саланы модернизациялау, ЕАЭО техникалық талаптарына сәйкестендіру жұмыстарында оң нәтижеге қол жеткізді. Сондай-ақ, 2018-2027 жылдары сүт шаруашылығын дамыту салалық бағдарламасы іске қосылған. Мемлекет бұдан бөлек аталған техникалық регламентті жүзеге асыру үшін «Жол картасын» қабылдаған. Алайда, жүзеге асқан жұмыстардың барлығы ТР ТС 033 талабын орындауға әлі де жеткіліксіз. Өйткені, қабылданған шараларға қарамастан сүт өндірісі саласында ЕАЭО техникалық талаптарына сай өнім шығару толық жүзеге аспай келеді.

Бүгінде нарықтағы отандық сүт пен қышқыл сүт өнімдері (айран) 80 пайызды құраса, майдың көлемі 60 пайызды, ірімшік 45 пайызды құрайды. Яғни, қалған өнімдер сырттан келеді.

Рас, елімізде отандық өнімдерді тұтынғысы келетін тұрғындардың қатары көп. Алайда, олардың бағасы сырттан келетін сүт өнімдеріне қарағанда әлдеқайда қымбат екені жасырын емес. Жоғарыда атап өткеніміздей, оған жол қашықтығының шалғайлығы, сүт қабылдайтын бөлімдердің аздығы басты себеп. Бұл өз кезегінде отандық тауар айналымына кері әсер етеді.

### ■ РЕСЕЙ МЕН БЕЛАРУСЬ ЕЛДЕРІНІҢ СҮТ ӨНІМДЕРІМЕН БӘСЕКЕЛЕСЕ АЛМАЙМЫЗ

Сарапшылар отандық өнімге қатаң бақылаудың жоқтығы сынды тағы бір мәселенің ұшын шығарады. Айталық, 2010 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан, Ресей және Беларусь арасында Кедендік Одақ құрылғанын, кейіннен оның құрамына Армения,

Қазақстан, Қырғызстан мен Арменияда жағдай күрделі. Сондықтан одақтың талабын орындау 2025 жылға дейін ұзартылғанын жоғарыда жаздық.

Иә, елдегі фермерлік шаруашылықтардан өңдеуге келетін сүттің 90%-ы микробиологиялық көрсеткіштері мен соматикалық жасушасы бойынша ЕАЭО-ның бұл талаптарына сай келмейді. Ал, қайта өңдеуге келетін шикі өнімнің жалпы көлеміндегі мұндай сүттің үлесі 50%-ды құрайды.

Әрине, бұл қазақстандық сиыр сүтінің сапасы нашар екенін білдірмесе керек. Керісінше, біздегі сүт құрамындағы ақуыздың үлесі әлем бойынша жоғары деңгейде. Бірақ, сүттің сапасын сол жеке шаруалардың өздері бұзады. Қандай ыдысқа сауу, қанша уақыт сақтау мен оны дұрыс тасымалдауды білмейді. Сондықтан сүт уақытынан бұрын сүт зауытына жетпей бүлінеді. Осының бәрі өнім сапасына тікелей кері әсер етеді. Яғни, үш жыл ішінде сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігін талап ету туралы техникалық тәртіпті ретке келтіру керек. Бұл шара аталған саланың қалыпты жұмыс істеуіне серпін береді. Әйтпесе, Ресей мен Беларусьтің

# БАСПАНА АЛУҒА МҮМКІНДІК

МЕГАПОЛИСТЕ 18 МАМЫРДА «АЛМАТЫ ЖАСТАРЫНА» ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ



**К**өптен күткен «Алматы жастары» бағдарламасына қатысуға өтінімдерді қабылдау 18 мамырда басталып, 1 маусымға дейін жалғасады. Тұрғын үй бағдарламасының әлеуетті қатысушылары almaty-zhastary.kz сайтында онлайн өтініш бере алады. Ол үшін оларға ЭЦҚ қажет.

Алматы әкімдігі мен «Отбасы банк» АҚ-ның бірлескен жобасына 35 жасқа дейінгі алматылықтар қатыса алады. Өтініштер Алматы қаласындағы мемлекеттік республикалық және қалалық ұйымдарда жұмыс істейтін азаматтардың келесі санаттарынан қабылданады:


- дәрігерлер мен медбикелер;
  - мұғалімдер мен тәрбиешілер;
  - суретшілер, жазушылар, мәдениет қызметкерлері;
  - университеттер және ғылыми-зерттеу институттарының оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері;
  - әлеуметтік қызметкерлер;
  - өндірістік қызметпен айналысатын журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарының (мемлекеттік және коммерциялық) қызметкерлері;
  - құқық қорғау органдарының қызметкерлері.
- Үміткерлердің ресми жұмыс өтілі Алматы қаласында соңғы жарты жылдан кем болмауы тиіс. Мәдениет саласының өзін-өзі жұмыспен қамтыған өкілдері үшін кемінде бір жылдық Алматы қаласында тіркелген, жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлігі болуы қажет. Сондай-ақ, бағдарламаға қатысушы және оның отбасы мүшелері соңғы 5 жыл ішінде жылжымайтын мүлікке ие болмауы тиіс.

### Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Алматы жастары» бағдарламасы туралы толығырақ Алматы қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының ([www.uzh-almaty.kz](http://www.uzh-almaty.kz)), «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның ([www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz)) сайттарынан және 300 немесе 8 8000 801 880 (қоңырау шалу тегін), +7 (727) 380-05-23, +7 (727) 380-05-02 телефондары арқылы білуге болады.

# ЖАҢА АВТОНЕСИЕ

ҚАЗАҚСТАНДА 16 МАМЫРДА 4 ПАЙЫЗДЫҚ АВТОНЕСИЕГЕ ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



**Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр 16 мамыр күні банктер жеңілдетілген автонесиеге өтінім қабылдау бастағанын хабарлады.**

«Құжаттарды бес банк қабылдайды. Қазір револьверлік негізінде 88 млрд теңге бар және ол айналымда. «ӨКМ Операторынан» аударылатын 100 млрд теңгені де қосамыз», – деп мәлімдеді Роман Скляр.

Жеңілдетілген автосалымға сатып алуға несие беру келесі шарттар бойынша жүзеге асырылады:

- сыйақы мөлшерлемесі – 4%;
- несиелендіру сомасы – 10 млн теңгеден артық емес;
- қаржыландыру мерзімі – 7 жылдан артық емес;
- бастапқы жарна – 0%-дан бастап;
- көлік құралының құны – 15 млн теңгеден аспайды.

### Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Автонесие екінің бірінші деңгейдегі банктер береді. Қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін министрліктермен міндетті шарт көзделген. Сол бойынша екінші деңгейдегі банктерде қарыз алушыларға қаржыландыруды ұсынудың мәртебесі мен мерзімін қадағалайтын автоматтандырылған жүйе болуы тиіс. Сондай-ақ, қарыз алушыға екі жылдың ішінде бір реттен артық автонесие алуға тыйым салатын шектеу де енгізілген.



Дінмұхаммед АЙСАУЫТОВ, ҚР Сүт одағының сарапшысы

– Сүт пен сүт өнімдері саласын реттеуге ұзақ уақыт кетеді. Мәселен, Хорватия бұл саланы Еуропалық Одақ талаптарына сәйкестендіруге 15 жылын жұмсады. Соның арқасында 65 мың ұсақ фермалар 6 мың мамандандырылған ірі кәсіпорындарға айналды. Қазақстан сүт сапасын жақсарту үшін арнайы Жол картасын жасағанда сол Хорватияның тәжірибесіне тоқталды.

Қырғызстан еніп, Еуразиялық экономикалық одаққа айналғанын білеміз. 2020 жылдың 1 қаңтарында одақ шеңберінде техникалық регламент талаптарына сай келмейтін сүт және сүт өнімдерін экспорттау мерзімі аяқталуы тиіс болған. Дегенмен, бұл талаптарға Беларусь пен Ресей ғана сай келеді.

сүт өнімдерімен бәсекелесе алмаймыз, олардың өнімдері біздің нарықта қаптайды.

Бұл аз десеңіз, отандық сүт және сүт өнімдерін көрші елдерге экспорттаудың ауылы алыстайды. Осылайша, одақтағы әріптестеріміздің өнімдері отандық өнімдерді нарықтан ығыстырады.

Қазақстан сүт одағының басшысы Владимир Кожевников бұл салада екі басты мәселенің барын айтады. Ол мәселеге сүттің саны мен сапасы жатады. Оның пікірінше, мәселені шешудің екі жолы бар. Бірінші жолы – ірілі-ұсақты сүт фермаларын (зауыттарын) құру, сүт қабылдау бөлімдерін ашу. Екінші жолы – жеке қосалқы шаруашылықтардың басын біріктіріп, сүт кооперативтерін құру. Дегенмен, ел экономикасы үшін бірінші жол тиімді саналады. Өйткені, жоғарыда жазғанымыздай, «ұшса құстың қанаты, шапса тұлпардың тұяғы талатын» кең байтақ Қазақстанның әр аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтардан арнайы фермаларға сүт тасымалдау оңай емес. Логистикаға қыруар қаржы кетеді. Сондықтан сүт фермалары жекенің қолынан біртіндеп сүт тасығанша, бірден көптеп сырттың сүтін арзан бағаға алғанды жөн санайды. Ал, шаруашылықтар сүттің өзін ауыл-аймақ арасында ғана сатумен шектеледі. Соның салдарынан біздің нарықтағы сүт және сүт өнімдерінің басым бөлігі шетелден, атап айтқанда, Ресей, Беларусь, Иран, Қырғызстаннан келеді.


Алатаудың арғы жағындағы қырғыз ағайындар да өзінің сүт және сүт өнімдерін ЕАЭО талаптарына сәйкестендірмесе, 2025 жылдан бастап Қазақстан мен одақтас елдерге өз өнімдерін экспорттай алмайды.

### ■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН


Иә, Қазақстан үшін Еуразиялық экономикалық одақтағы «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі» техникалық регламенті бойынша өтпелі кезең уақыты үш жылдан кейін аяқталады. Бұдан кейін одақтағы әріптестеріміздің бізге тағы бір мүмкіндік беруі екіталай. Яғни, енді арқаны кеңге салуға болмайды. Үш жыл үш күндегі өте шығатыны тағы бар. Сондықтан 2025 жылға дейін еліміз бірқатар шараны қолға алып, соның нәтижесінде бұл салада ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіштерге қол жеткізуге міндетті. Айталық, ЕАЭО талабына сай келетін сүт өнімдері жоспар бойынша 2022 жылы 210 мың тоннаны, 2023 жылы 350 мың тоннаны, 2024 жылы 500 мың тоннаны құрауы тиіс.



### СҮТ ПЕН ҚАЙМАҚ



### ІРІМШІК ПЕН СУЗБЕ



Дереккөз: ■ Улттық статистика бюросы Инфографика ■ Айнұр Қайратбекқызы



■ **ЖОБАНЫҢ ТОЛЫҚ МӘТІНІ**

Оқырманға түсінікті болу үшін жобаның толық мәтіні төменде жариялап отырмыз.

1-бап. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-баптың 1-тармағындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.»

3. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.»

4. 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Республика Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.»

5. 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.»

6. 42-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың экс-президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.»

2) 5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

7. 43-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ.»

8. 44-бапта:

1) 2) тармақшадағы «Парламент Сенаты» деген сөздер «Парламент» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;» деген сөздер алып тасталсын;

3) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;»

4) 7) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-1) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 19) тармақшадағы «Хатшысын» деген сөз «кеңесшісін» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 46-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

10. 47-бапта:

1) 1-тармақтағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 50-бапта:

1) 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.»

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.»

12. 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.»

13. 52-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан;

3) бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады.»

14. 53-бапта:

1) мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) конституциялық заңдарды қабылдайды;

1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үштің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде

конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданғанды деп есептеледі;»

2) 2) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6) тармақшадағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 54-бапта:

1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта



өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»

2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;»

16. 55-бапта:

1) 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;»

2) 3) тармақша «судьяларын» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздермен толықтырылсын.

17. 56-баптың 1-тармағында:

1) 1) тармақшадағы «және осы жобаларды қарау» деген сөздер алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;»

18. 57-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды.»

19. 58-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Палаталарға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;»

20. 61-бапта:

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады;»

2) 3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға өзінің жауапкершілігімен хақылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағандықтан кейін қолданыста болады;»

3) 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жеке-жеке баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жеке-жеке баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жеке-жеке баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

6. VII бөлім

Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл»

28. 78-баптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. 82-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімі бойынша тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда

заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған заңды қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады;»

4) 5-1-тармақ алып тасталсын.

21. 62-бапта:

1) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палата-

айқындалады.»

30. 83-баптың 4-тармағындағы «заңмен» деген сөздер «конституциялық заңда» деген сөздермен ауыстырылсын.

31. Мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

«83-1-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

01-беттен

# САЯСИ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

## БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛМЕК?

лар депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды.

Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады;»

2) 6-тармақ «бойынша» деген сөзден кейін «, конституциялық заңдардың жобалары бойынша» деген сөздермен толықтырылсын.

22. VI бөлімнің тақырыбындағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын.

23. 71-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады.

Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындалмайды.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Президенті тағайындайды.

3. Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Республика Президенті Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

4. Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметпен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.»

24. 72-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.»

25. 73-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде шығарады.»

26. 74-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгіленген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жеке-жеке ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды;»

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

27. VII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«VII бөлім

Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл»

28. 78-баптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. 82-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімі бойынша тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда

3. Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.»

32. 87-бапта:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Республика Президенті дауыс беру жүргізілетін кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп даусымен алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметінен босатуға құқылы.»

2) 5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы.»

33. 88-баптың 4-тармағындағы «Президенті,» деген сөз алып тасталсын.

34. 91-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді;»

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

35. Мынадай мазмұндағы 99-баппен толықтырылсын:

«99-бап

1. Конституциялық Сот және Жоғары аудиторлық палата құрылғанға дейін Конституциялық Кеңестің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағалары мен мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды.

Конституциялық Сот құрылғанға дейін Конституцияның 72-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген Конституциялық Соттың функцияларын Конституциялық Кеңес жүзеге асырады.

2. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде оларды Конституциялық Сот қайта қарағанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Палаталарын қалыптастыру туралы ережелері сегізінші сайланған Парламент Мәжіліс депутаттарының сайлауынан бастап қолданылады.»

2-бап.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдау тәртібін, сондай-ақ Конституциялық Соттың қызметін айқындайтын ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2023 жылдың 1 қаңтарына Мәжіліс мақұлдаған және Парламенттің қарауындағы заң жобалары заңдар болып есептеледі және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының лауазымды адамдарға өкілеттіктер берудің жаңа тәртібін белгілейтін нормалары, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, осы лауазымды адамдардың өкілеттік мерзімінің өтуіне немесе өкілеттігінің тоқтатылуына қарай қолданысқа енгізіледі.

3. Жоғарғы аудиторлық палатаның құрамы қалыптастырылғанға дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды жалғастырады.

3-бап. Осы Заң референдумның қорытындылары туралы хабарлама ресми жарияланған күнінен бастап, осы Заңның 2-бабының ережелері ескеріле отырып қолданысқа енгізіледі.

Айта кетейік, ҚР Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер енгізу бойынша республикалық референдумды өткізуге 16,4 млрд теңге жұмсалатынын мәлімдеді.



**1948 ЖЫЛЫ ИЗРАИЛЬ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ПАЛЕСТИНАНЫҢ ЖӘНЕ АРАБ ЕЛДЕРІНІҢ НАРАЗЫЛЫҒЫН ТУҒЫЗДЫ. ЕВРЕЙЛЕРДІҢ ҚАН ТӨГІСПЕН ҚҰРҒАН МЕМЛЕКЕТІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАНЖАЛДЫҢ ТУЫНДАУЫНА СЕБЕП БОЛЫП ОТЫР. БҮГІНДЕ ИЗРАИЛЬ-ПАЛЕСТИНА ДАУЫ ӘДІЛ ШЕШІМІН ТАППАҒАН КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРДІҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР «QAZAQ» ГАЗЕТІ БҮГІН ИЗРАИЛЬДІҢ БАҒЫНА, ПАЛЕСТИНАНЫҢ СОРЫНА АЙНАЛҒАН ТАҚЫРЫПҚА ТОҚТАЛАДЫ.**



■ 75 жылда 85 пайыз жерінен айырылып қалған Палестинаның қазіргі жер көлемі біздің Іле ауданына да жетпейді, сол кішкентай жерде 5,2 млн халық тұрады

Фараби СӘЙКЕНОВ

**■ ИЗРАИЛЬ ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ТҮБІНЕ КІМДЕР ЖЕТТІ?**

Бүгінде Палестина жерінің 85%-ын тартып алған еврейлер жерін даулаған палестиналық арабтарға тарихи деректерді алға тартады. Олардың келтіретін дәлелдері де негізсіз емес. Айталық, б.з.д. XI ғасырда Палестинаның солтүстігінде Израиль патшалығы өмір сүрді. Бұл Израиль патшалығы дәуірлеп тұрған шақта христиандардың рухани орталығына айналған гүлденген аймақ болды. Ал, Иерусалимде Иса пайғамбардың дүниеге келуі Израильдің мәртебесін одан бетер биіктете түсті. Алайда, Израильде еврейлер ұзақ уақыт салтанат құра алмады.

640 жылы Омар Халифтің әскері патшалықты толықтай басып алды. Сөйтіп, Израильде исламдық діни-ағарту жұмысы белсенді жүргізілді. 400 жылдан астам уақыт ішінде Израильді арабтандыру саясаты толықтай жүзеге асырылып бітті. Содан кейін ғана христиан әлемі есін жинай бастады. Мәселен, 1099 жылы 159-шы Рим папасы II-ші Урбан еуропалық рыцарьларға «Қасиетті жерімізді мұсылмандардың қорлауына жол бермеуіміз қажет» деп үндеу тастады. Сол жылы Крест жорығы ұйымдастырылып, Иерусалим қаласы басып алынды. 1187 жылы біріккен Сирия, Мысыр әскерлері қаланы қайтарып алып, қалада мәмлүктер билігі орнады. Осы жорықтан кейін Иерусалим арабтарға тиесілі болды. Жерінен айырылған еврейлердің жан-жаққа бытырап кетуіне себеп болған да осы жағдай еді.

Әлемде тарыдай шашырап кеткен халықтың біріншісі – сыған, екіншісі – күрд, үшіншісі – еврей болды. Дегенмен, еврейлер әлемнің қай түкпірінде жүрсе де, атам заманда өздерінің тарихи Отаны болғанын бір сәтке де естерінен шығармады. Өткен тарихын жадыларынан өшірмей, ұрпақтарына аманаттап отырды. Ал, XX ғасырдың орта тұсында Израиль елінің қайта құрылуы үлкен геосаяси жанжалдың туындауына, Палестинаның орасан зор алапатқа ұшырауына әкеп соқты.

**■ ГИТЛЕР 6 МИЛЛИОН ЕВРЕЙДІҢ КӨЗІН ҚАЛАЙ ҚҰРТТЫ?**

Заманның бет алысын жақсы бағдарлай білген еврей ұлты орта ғасырлардан бастап ауыл шаруашылығымен айналысуды доғарып, қолөнер мен саудаға бет бұрды. Саудадағы алыс-берісте әрдайым еврейлер ұтып отырды. Осының арқасында еврейлер барған жерінің ақсүйектеріне айналды. Олардың байлыққа ие болуы жергілікті халықтың қызғанышын қоздырды. Еврейлердің тасы өрге домалағаннан кейін әлем халықтарында оларға деген өшпенділік пайда болды. Сөйтіп, антисемитизм идеясының (еврейлерге қарсы көзқарас) алғышарттары қалыптаса бастады.

Антисемитизм идеясы өткен ғасырдың отызыншы жылдары шарықтау шегіне жетті. Сол кезеңдерде еврейлерді жер бетінен «тазалау саясаты» 1933 жылы Адольф Гитлердің Германияның басшысы болғаннан кейін іске асты.

Сол жылдары еврейлер Германия экономикасын толықтай өз қолдарына алған еді. Фабрикалар, зауыттар, банктер, оқу орындары түгелдей еврейлердің бақылауында болды. Гитлер өзінің «Менің күресім» кітабында Германияның және неміс халқының қиын жағдайын еврейлердің жетістіктерімен байланыстырды. «Немістер теңдікке жетуі үшін еврейлерден құтылуы керек» деп шешті. Содан Гитлердің бұйрығымен 500 мың еврей қуғынға ұшырады. Олар жаппай мемлекеттік қызметтен шығарылып, тауарларына байкот жарияланды. Еврей олигархтарының мүлкі тәркіленіп, мемлекет меншігіне өтті.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары (1939-1945) немістер еврейлер үшін Польшада алты концлагерь құрды. Олар: «Треблинка-1», «Треблинка-2», «Собибор», «Майданек», «Белжец» және «Аушвиц».

«Аушвиц» концлагерінде 27 елден жиналған еврейлердің 1,1 миллионы қаза тауып, 700 мыңы ғана аман қалды. Өзге концлагерьлерде үш миллионға жуық еврей өмірінен қоштасты. Басып алынған Кеңес Одағының аймақтарында қолға түскен екі миллион еврей өлтіріліп, құрбандардың жалпы саны алты миллионға жетті. Геноцидтің толықтай жүзеге аспауына Германияның жеңіліске ұшырауы себеп болды. Бұл жеңіліс еврей халқын зор алапаттан аман сақтап қалды. Содан Гитлердің 11 миллион еврейді жер бетінен жою арманы аяқсыз қалды.

**■ ЕВРЕЙШЕ ЖАҒЫРУ**

Геноцид аяқталғаннан кейін еврейлер Теодор Герцль көтерген бастамаға қайта үңілді. Атап айтқанда, ол өзінің 1896 жылы жарыққа шығарған «Еврейлер мемлекеті» кітабында еврейлерге мемлекет ауадай қажет екендігін, байырғы отандарын қайтарып алу үшін Палестинадағы арабтардың мүшкіл жағдайын пайдаланып, жерлерін сатып алып, біртіндеп қоныстануға үгіттеген еді. Дегенмен, сол тұста Герцльдің бұл идеясын еврейлер қолдай қоймады. Ал, Екінші дүниежүзілік соғыста жер бетінен жойылып кете жаздаған еврейлер жеке мемлекеттің керектігін жақсы түсінді. Сөйтіп, еврейлер сионистік қозғалысты белсенді жүргізе бастады.

# ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛДЫҚ АРАЗДЫҚ

## ПАЛЕСТИНА 75 ЖЫЛДА 85 ПАЙЫЗ ЖЕРІНЕН ҚАЛАЙ КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛДЫ?



Рас, сионистер өз алдына дербес мемлекет құру үшін Кеңес Одағы мен АҚШ тарапынан қолдау керектігін жақсы білді. Сондықтан сионистік қозғалыстың белсенділері аталмыш державалармен келіссөздер жүргізе бастады. Ол уақытта Екінші дүниежүзілік соғыстың «қаһармандары» Кеңес Одағы мен АҚШ жер-дүниені бөліске салып, алпауыт күшке айналған еді.

Хаим Вейцман, Иосиф Шпринцак бастаған бір топ сионистер жаңа мемлекет құрудың алғышарттарын қолдарына алды. Бұқаралық ақпарат құралдары және көптеген жасырын кездесулер арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі еврейлерге мемлекет құруға жәрдем беруге шақырды. Жерсіз, елсіз қаңғырып өмір сүргеннің қорлығы әбден өтіп кеткен еврейлер үшін бұл ұлттық рухани жаңғыру еді.

**■ ИЗРАИЛЬ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫНА СТАЛИН НЕГЕ БАРЫН САЛДЫ?**

Сталин Израильдің құрылуында маңызды рөл атқарса да, сионистік идеяны жақтыра қоймады. Себебі, оның өзі антисемит тұлға болатын. Кеңес Одағындағы еврейлердің билікке келуіне кедергі жасап отырды. Антисемитизм саясатын жасырын түрде жүргізді. 1948 жылы еврей театрының режиссері Соломон Михоэлс Сталинге Қырымда еврей автономиясын құру идеясын ұсынды. Одан бас тартқан күн көсем НКВД жөндеттері арқылы Соломонның да көзін құртты. Өйтсе де, Сталин Израильдің құрылуына қолдау білдірді. Сөйтіп, Палестина жерінде Израиль мемлекетін құру арқылы Ұлыбританияның арабтарға жүргізген ықпалын әлсіретіп, беделін түсіріп, екі елдің ара-қатынасын шиеленістіруді ойлады.

Тағы бір ескерері, Сталин Израильді жаңа бір социалистік мемлекетке айналдырып, социализмнің кеңінен етек жаюына жағдай туғызуға мүдделі болды. Израиль мәселесіне АҚШ та бейжай қарамады. АҚШ Кеңес үкіметіне Палестина жерінде Израиль мемлекетін құрып, екіге бөліп билеуді ұсынды. Нақтырақ айтсақ, Израильді Корея мен Германияны бөліске салғандай екі жақты иемденуді қалады.

1948 жылы Ұлыбританияның Палестинадағы мандатынан бас тартуы Сталиннің Израильді құруын тездетті. Палестина-Израиль мәселесін БҰҰ өз бақылауына алды. Конференция ұйымдастырылып, дауға қатысты дауыс беру басталды. Қорытындысында 33 мемлекет Кеңес Одағы мен АҚШ-тың Израильді екіге бөліп билеуін қолдады, ұйымға мүше 6 араб мемлекеті Израильді құруға қарсылық

танытты, 5 мемлекет социалистік Израиль үшін дауыс берді. Жаңа социалистік мемлекет құру үшін Сталинге бес мемлекеттің қолдауы жетіп жатты. АҚШ бейтарап қалуға мәжбүр болды. Себебі, АҚШ парламенті Палестинаның ішкі саясатына араласуға қарсылық танытты.

Кеңес Одағының көмегімен 1948 жылы 14 мамырда Израиль өзінің тәуелсіздігін жариялады. Жаңа мемлекеттің құрылуы бірінші араб-еврей соғысының тұтануына алып келді.

**■ СОҒЫСТА АРАБТАР ЕВРЕЙЛЕРДЕН НЕГЕ ОЙСЫРАЙ ЖЕҢІЛДІ?**

Бірінші араб-еврей соғысында Израиль Вашингтонмен жақындасып кетсе де, Сталин Израильді қару-жарақпен қамтамасыз етті. Араб елдеріне Ұлыбритания қолдау білдірді. Алайда, Ұлыбритания арабтарға жеткілікті түрде қару бермеді. Себебі, ол қарумен кейіннен өздеріне қарсы шығатынына қауіптенді. Соның салдарынан араб мемлекеттері соғыста жеңіліп, Палестина 60% жерінен айырылды.

Иосиф Сталин саяси жүрісте біршама нәтижеге қол жеткізді. Соғыстан жеңілген, жерінен айырылған арабтар Ұлыбританияның одақтас болып жарыптайтынына көз жеткізді. Сталин Израиль арқылы Ұлыбританияға қарсы мемлекет жасап берді. Ағылшын ықпалындағы араб елдеріне де үлкен соққы жасады. Палестина-Израиль жанжалын тудыру арқылы әлем назарын Таяу Шығысқа аударды. Бұл өз кезегінде Кеңес Одағына соғыстан кейін ес жинап алуға мүмкіндік берді.


Таяу Шығыспен басы қатқан Батыс елдерінің әлсіреген Кеңес Одағына шүйлігіге мұршалары болмады. Ал, Сталиннің ұтылған жері – Израиль социалистік ел болмай, сыртқы саясатта АҚШ-қа құлақ асты.

Бүгінде Израиль мен араб елдерінің жанжалы әлі де жалғасып келеді. Палестина мен Израильдің бітімге келуі үшін қос тараптың бірі өз талаптарынан бас тартуы керек. Ал, екі тарап та тарихи деректерді алға тартады. 2018 жылы Израиль парламенті Кнессет Иерусалимді еврей астанасы ретінде жариялады. БҰҰ бұл шешімге қарсылық білдіріп, «Жанжалды шешу үшін Иерусалимнің шығысын Палестинаға берген жөн» деген ұсыныс айтты.

**■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН**

Арада жетпіс бес жылдай уақыт өтсе де, шешімін таппаған бұл дауға нүкте қою мүмкін болмай тұр. Ал, «ары тартса арба да сынбайтындай, бері тартса өгіз де өлмейтіндей» бір ортақ шешім шығару БҰҰ-ның қолынан келер емес. Бір анығы, Израиль мен Палестина теке-тіресінде екіншісі жеңіліс тапты. Өйткені, палестиналықтар 75 жылда 85% жерінен көз жазып қалды.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕКПЕНІҢ ТОЛЫҚ ДОЗАСЫН АЛҒАН ТҰРҒЫНДАР САНЫ**



Соңғы дерекке сүйенсек, Түркіменстанда – 53,2%, Тәжікстанда – 52,1%, Қазақстанда – 49,4%, Өзбекстанда – 42,5%, Қырғызстанда – 19,5% халық екпенің толық дозасын алды

Дереккөз: Our World in Data  
Инфографика: Айнұр Қайратбекқызы

# БАРЫС-КЕЛІС ЖАНДАНА ТҮСТІ

## ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ТЕМІРЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ



Осы аптада «Өзбекстан темір жолы» АҚ-мен келісе отырып, теміржол арқылы жолаушылар тасымалын қалпына келтіре бастады. Бұл туралы Uza ақпарат агенттігі хабарлады.

Керші ел ақпарат агенттігінің мәліметінше, 15 мамырдан Нөкіс-Бейнеу-Нөкіс бағытында, 16 мамырдан Алматы-2-Ташкент-Алматы-2 бағыты бойынша пойыздар қатынай бастады. Рейстер аптасына үш рет орындалады. Билеттерді электронды түрде және кассадан сатып алуға болады, ал Қазақстан шекарасынан өту үшін электронды билетті А4 форматындағы қағазға шығарып алу қажет.

**Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА**

2022 жылдың 15 қаңтарында омикрон штаммының таралуына байланысты екі ел азаматтарына Қазақстан мен Өзбекстан шекарасынан өтуге шектеу қойылған болатын. 16 наурызда Өзбекстан шекарадағы карантиндік шектеулерді алып тастады.

# КЕДЕРГІСІЗ САЯХАТ

## ҚАЗАҚСТАН ВИЗАСЫЗ РЕЖИМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ



Қазақстан Республикасы мен Мальдив Республикасының Үкіметтері арасында визалық талаптардан өзара босату туралы келісімге қол қойылды. Яғни, екі ел азаматтары Қазақстан мен Мальдив Республикаларына 30 күннен аспайтын мерзімге барып-келуге мүмкіндік алды.

ҚР Сыртқы істер министрлігі Қазақстан немесе Мальдивке жұмысқа орналасу, білім алу немесе іскерлік мақсатта кіруге ниет білдіргендер тиісті визаны рәсімдеу қажеттігін ескертеді. 2021 жылғы қазан айында Қазақстан мен Мальдив өз азаматтарына екі елдің шекараларын өту кезінде COVID-19 тестінің теріс нәтижесі бар ПЦР-анықтамаларын беру міндеттемесінен босатын вакцинация паспорттарын өзара мойындағаны белгілі.

**Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА**

Мальдив Республикасы – Оңтүстік Азияда орналасқан мемлекет. Жер көлемі біздің Теміртау қаласымен бірдей Үнді мұхитындағы аралды елде 402 мың адам тұрады. Демек, халқы өте тығыз орналасқан. Астанасы – Мале. Ел бюджетінің үштен бірі туристер есебінен құралады.



Біз Ғалекең екеуіміз нағашы-жиендігіміз өз алдына бір ауылда тұрып қатар өстік, көрші болдық. Ауылымыз деп отырғаным – Орта жүздің атажұрты, алтын тамыры, сауыры саналатын Сарыарқаның кіндігі Жаңаарқа ауданына қарасты Ескене ауылы. Адам болған соң кімде болса өз туған өлкесін биік санап, өз өскен ортасын мақтанш тұтуы заңдылық. Осы тұрғыдан алғанда, біздер үшін Ескене ауылы да – бітімі бөлек бекзат өлке, тынысы кең дегдар мекен. Қазақ топырағының қайсыбір пұшағыз болмасын тұтқан шежіре екендігі анық. Халқымызда «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» деген нақыл сөз бар. Туған жердің әрбір сай-саласы, тау-төбесі мен өзен-көлдеріне шейін тылсым тарихты бауырына басып жатыр. Әр тасы тарихтан сыр шертеді.

«Пай, пай, пай!

Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,

Ғашықтар бір-бірін өлкен жер,

Сарылып сал-сері кеткен жер,

Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпендер!» – деп заманымыздың заңғар ақыны Мұқағали Мақатаев тегін жырламаса керек.

Қай ел болмасын әрбір жер атауының төркіні туралы талай аңыздар мен әңгімелер бар. Осы бір шағын ауылдың айналасын бір шолып шықсаңыз, кішкене ғана ауылдың үлкен тарихы бар екендігіне көз жеткізесіз. Жер атауларына қарап отырып-ақ осы бір дархан даланың тамыры терең тарихын болжауға болады. Мәселен, «Құдайменде» мазары, «Қоржынбай тамы», «Шәлекең тамы», «Шапаң тамы», «Мыңшұқыр», «Қызылоба», «Қожа аңызы», «Аюбек», «Жайылма», «Қызыл ауыз», «Барсақелмес», «Оспан көңі», «Майқұдық», «Шилі аша», «Сорбұлақ» деген сияқты жер бедерінің сын-сипатын білдіретін (комонимдер) халықтық жер атаулары табиғатпен үйлесім тауып лайықты қойылған. «Ақтасты», «Айқынбай», «Баянбай», «Құралы», «Қызылшоқы», «Қарашоқы», «Бүркітті», «Түлкілі», «Айғыржал» таулары, «Құдайменде» шоқысы, «Қайрақбай», «Қошқарбай», «Қияш қашқан», «Тастықара» тауы, «Оқкөмген» деген төбе-таулар атауы да (оронимдер) ерекше, ішіне небір құпияны бүгіп жатқандай.

Сарыарқа жерінде қаншалықты жатаған таулар мен адыр, төбелер көп болса («Қасиетті қазақ жерінде төбелер көп, ал асқар таулар аз» деген сөз бекер айтылмаған болар), соншалықты табиғи қарасулар мен бұлақтарға (гидронимдер) бай өлке. Мәселен, «Аққыз» өзені, «Бесқауға» бұлағы, «Қарасу» немесе «Шилі Қарасу» өзені, «Бұзау» бұлағы, «Былқылдақ» бұлағы, «Белқараған» бұлағы, «Бекет» бұлағы, «Қабай» бұлағы, «Бақа басы» шабындығы, «Байғон» бұлағы, «Аққұнан» бұлағы, «Қошқарбай» бұлағы, «Қайрақбай» бұлағы, «Ноғай» бұлағы, «Талдыбұлақ» бұлағы, «Омар» бұлағы, «Төсбұлақ», «Қосбұлақ», «Күйгенбұлақ», «Таңқы», «Саңқай», «Талшат» бұлақтары сияқты топонимдер бір кездері қысы-жазы үзілмей ағып жататын, арналары малға жайлы құтты мекен болғандығы күмәнсіз (мақала көлеміне байланысты жер атауларын біршама қысқартып алдық). «Сұлы жер – нулы жер» дейді. Су бар жерде өмір бар. Өмір барда тірлік бар. «Елу жылда ел жаңа» демекші, осыдан жарты ғасыр ғана бұрын жайлауы жарасқан мамыражай кезеңде осы аталған тау-төбе, сай-салаларда табын-табын сиыр баққан малшылар қосыны ауыл-ауыл болып жігін бұзбай отырушы еді.

Сөзге жүірік қазақтан сөз қалған ба? «Жеріне лайық елі туады, еліне лайық ері туады» деген екен. Өмір бар жерде өркеніет бар. Өркеніет барда өнер бар. Ұлт мүддесін қорғаған азаматтар, өнерімен аты шыққан тұлғалардың бәрі – ауылдан шыққандар. Өйткені, ауыл – ұлттық тәрбиенің негізі, тәрбие ошағы. Жер бетінде қай халық болмасын, санының үлкен-кішілігіне қарамай санатымен таңылып, өнерімен теңдесетіні табиғи заңдылық. Кезінде арқа әндерінің мектебі болған Сегіз сері, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, тағы басқаға құт мекен болған қазақ жерінің солтүстік өңірі зобалаң жылдарды бастан кешіп, орыстарға басыбайлы болып қалғанда өнер шіркін ол жақтан үркіп, Жаңаарқа жеріне «қоныс аударған» сыңайлы. Мәселен, сонау XIX ғасырдағы Балабақсы, Сайдәлі Сары Төке, Иманжүсіп Құтпанұлы жолын XX ғасырдың басында Сөкендер жалғастырса, өз дәуірінде «майда Қасым» атанған дәулескер күйші Қасым Тұтқабеков, кейіннен ата жолын жалғастырған күйшілер Пазыл Тұтқабеков пен Мейрам Ұлмағамбетовтар да ауыл тарихынан өз орнын алған өнер жампоздары болатын.

Ғасырдың бел ортасынан ауғанда өнердегі құбылыс болып келген дүпділ әншілер, ата тегі ескенелі Қорабай Есенов, Қайрат Байбосыновтар және олардың жолын жалғастырған Сенбі (Қарақойшы) мен Ғалым Мұхамединдер, Мұрат Саңқановтар болды. Өнерлі шаңырақтан шығып, өнердегі өз жолын бастаған ҚР Еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, Қайраттың шәкірті, Ғалымның аталас інісі Биғазы Тұтқабековтың ғұмырлық жолы өкінішке қарай ерте үзілді. Әр өлкенің халыққа танымал, елінің атын шығарар, ұрпаққа үлгі болар, есімдері ел есінде сақталған біртуар азаматтары, перзенттері болады. Осының бәрін кейінгі ұрпақ біліп жүруге, үлгі тұтуға, жүрек түкпіріне сақтап өсуге тиіс.

Бір кездері орыстың драматург-ақыны Александр Грибоедов қиыр шетте – Иранда жүріп, туған елін, Ресейді сағынғанда: «Жолықтырса ұзақ сапар, жат мекен, /Туған елдің түтіні де тәтті екен», – деп жырлаған. Балдызбен балалық шағымыз өткен, қой бағып, талай қылғыз қуалаған алтын тамыр қызықты мекеніміз ауылға анда-санда ат басын аңсап келгенде біздің замандастарымыз үшін алыстан сағымдай болып бұлдыраған, сонау өткен ғасырдың 70-80 жылдардағы ауылдың жан жадыратар келбеті мен берекесі әлі де ұмытылған жоқ.

«Ел іші – дәстүр кеніші» демекші, дәл бүгінгі күні қазақты қазақ қылып ұстап тұрған алтын дінгеі – салт-дәстүрлер. Ата дәстүрін сақтамаған ел тозады. Өзіміз куә болған сол бір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда көрші-қолаң мен туыс, достардың басын қосып үй-қора немесе бейіт салса да, «асарлатып» жатуы ауыл жастарының басын қосар берекесі болатын. Қыстай қорада қолға қараған малдың қиын көктем шыға қамбалап құюдың өзі ауыл балалары үшін таптырмайтын мерекеге ұласып, даладағы жерошақта бауырсақ пісіріліп, қазанда құрт қайнап жатқан естен кетпес шуақты күндері әлі де көз алдымызда. Даладағы нан жабар пешке табаға салып пісірген дөңгелек нанды ұсытқы күйінде ұзынынан турап жіберіп, бетіне сары май жағып жеп, артынан керсен кесе қымыздай дем алмай сіміріп алсаң, дүниенің рашаты сол кешке дейін «ханға салем бермей!» тойып, тоғайып жүретін кездер бұл күндері «келмеске кеткендей».

Бейқаң тіршілік қамымен өз шаруаларын өздері күйттеген ауылдастар құдайы қонақ түгілі күнделікті тірлікпен үйге бас құтқан көршілерді де құдасын күткендей қарсы алып, сәтте оаздырып, жапырақтап таба-таба нан турап, «ұзын сарыға сақтағандай» қарынға салған сары майы мен бал татыған сары қымызын дастарханға қойып әлек болып жатушы еді. Ол кездері сырттан келген адамнан «не үшін келдің» деп сұрау нағыз көргенсіздік саналып, бұрынғылар айтқандай, «есіктен қонақ келсе топтаптай, өлген әруақты жоқтаптайтын» арқы ойлаған заман болды.

Ал, күздегі шөп науқаны қыркүйек айынан басталып, сонау қара күзге дейін алғашқы қар түскенше жалғасып жататын. Ондайда ешбір сылтау айта алмайсың, жұмысың бола тұра «бір жерге барып келетін жұмысым

Қолыма қалам алып ой толғауыма себепкер болып отырған – белгілі дәстүрлі әнші, ұстаз, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласы мен Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы Ғалым Мұхамедин. Қазақта «Аты аталмаған жігіттен, аты аталған төбе артық» деген аталы сөз бар. Еңбегімен елге танылған азаматтың бірауақ елге оралып, есеп берер кезеңі болады. Сол кезеңнің кезегі Ғалекең де биыл жеткен сияқты. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны болады. Бірақ, еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, төккен тер, алған асу, жеткен жетістіктер әркімнің ғұмырлық жолында әрқилы болып келуі табиғи заңдылық. Қазақ «Алпыс тал тұс» деп көңіл сергітер тілек тілеп жатса, демек жетпіс жас та қарттық жас емес, қазына жас, бұл да болса бағындырған бір белес.



■ Соғыс ардагері, қарт майдангер – Мұхамедия Мәзбеков

бар еді» деп айту ол заманда «елден безген, тек қана өз күнін күйттеген» тірлік, нағыз өрескел ұят іс болып саналушы еді. «У ішсең де руыңмен» дегендей, айырыңды иыққа артып, көршіңе қарай аяндайсың. Көршің шөп түсіріп жатса, үйінде көрмегенсіп жатып қалудан асқан қорлық болмаушы еді. Ал, қазір бір-біріне сепсіз бас сұқпайды, «өз қазаны өзінде қайнап» қажет ашпайды, сыр шашпайды, т.т. Әйтсе де, «жоқшылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» десек те, «тойған соң тоқты етінің де топырақ татитынын» көріп те, байқап та жүрміз. «Заман озады, тон тозады» демекші, жаһандану заманында көптеген ұлттық дәстүрлеріміз жолда қалып, халықтық құндылықтарымыз архаизмге айналып, өткен ғасырлардың еншісінде қалып бара жатқандай. Бұрынғы жыраулар «ауыл қайда барасың, дәстүрден сырт айналып» деп ұрпағының болашағына алаңдап бекерден бекер толғанбаса керек. Ойымызды Шерханша түйін-десек, «Бір кем дүние».

Ауыл әу бастан қазақтың алтын тамыры еді. Өз түтінін өзі түтетіп, өз тірлігін өзі қамтамасыз етіп отырған қазақтың қарашаңырағы. Қазақтың түп-тамыры ауылмен біте кайнасқан. Ел басына күн туып, халыққа аулмен нәубет келмесе кіндік қанын тамған жерін, өскен ауылдың ешкім де біржолата тастап кетпек емес. «Игері білмеген жерді жамандайды, басқара білмеген елді жамандайды» деген тәмсіл бар. Несін жасырамыз, сонау тоқсаныншы жылдары ел үркішілікке ұшырап, ауыл, кеңсарлар қалаға қарай оттарыла қоныс аударып жатқан кезінде күтпей ұйып қатарын ауылдарда елдің үштен екісі сүйтп, үйлерінің орнында үйінділер ғана қалған заман да болған. Сол кездері «Ыстықсың-ау, ыстықсың ескен ауыл» деп туған жер, өскен ауылының ауыр халін ойлап, қабырғасы қайыспаған ауыл азаматтары кем де кем шығар.

Осы бір жан ауыртар, жүрек сыздатар сұмдық көріністерге шыдамай, жанарын жас жуған сезімге берілгіш талай ақындар жыр толғаған еді. Соның біреуіне ғана тоқталсақ:

«...Қыстаулар қалған қаңырап,

Жайлаулар жатыр аңырап.

Мен жүрмін елдің жұртында,

Жетім қозыдай маньырап...» деп келетін жыр жолдары сол бір ауыр кезеңнің тарихын дең басықандай.

Тарихи шындыққа келсек, Кең дәуірі қолдан орнатыл, жоқтан бар қылып, саяси науқан дүбірімен орнатқан көптеген ауыл тұрмақ, шағын кенттер мен қалалардың өздері де урбанизация үрдісіне шыдас бере алмады. Ал, тамырын тереңнен алған, дінгеі мықты ауылдар міз баққан жоқ, қайта өркендеп өсе түсті. Сол ауылдардың бірі де бірегейі – Ескене ауылы. Үркішілік, зобалаң жылдар Ескене ауылын айналып өткендей. Ауылда зәуліл күмбезі мен мұнарасы жарасқан мешіт тұрғызылып, екі қабат мектеп ғимараты салынып, жылдан жылға жаңадан салынған үйлер саны артып, халық саны да едәуір өсті. Бұл да болса қасиетті қара шаңырақтың мызғымас тұғыры бар екендігінің бір куәсі болмақ.

Өсіп, өркен жайған ауылымыздың келбет, тынысын осымен бір түйіндеп алып, енді негізгі тақырыбымызға оралайық. Ғалекеңнің әкесі қарт майдангер Мәзбеков Мұхамедия 1910 жылы ақпан айында Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Ақтау елді мекенінде дүниеге келген екен. Қатал тағдыр ерте есейткен Мұхаң жастайынан еңбекке араласып, ел арасында елең айтып, домбыра тартып сері атанған. Сәужойда оқу хат танып, соғысқа дейін Талдыбұлақ колхозында дала бригадирі, кейіннен колхоз бастығы, қой фермасының меңгерушісі сияқты қызметтерде болып, қазақи жалпақ тілмен айтқанда, «ауыл белсендісі» болды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Солтүстік Қазақстанда әскери жауынгерлік әзірліктен өтіп, Қызыл армияның 24-ші атқыштар жау әскер бригадасының құрамында Волга өзені бойындағы шайқастарға қатысады. 1943 жылдың басында 77-ші атқыштар дивизиясындағы батальон минометчигі болып, жау шабуылының бетін тойтарып қиян-кескі ұрыстарға қатысып, ерлікпен көзге түседі. Нарва, Псков қалалары, Литва, Эстония елдерінің қалалары мен сол жердегі ауылдарын азат етіп, ерліктің ерен үлгісін көрсетеді. 3-ші Балтық майданының құрамында Литва жеріндегі Батыспен екі шекара аймағында 1944 жылы ауыр жарақаттанады. Алғаш Ленинград қаласындағы госпитальде, одан кейін Улан-Удэ қаласында әскери ауруханада емделіп, Ұлы Жеңістің қарсаңында ғана, атап айтқанда, сәуір айында туған жеріне аман-есен оралған екен.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін Мұхаң «Данқ» және «1-ші дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, сондай-ақ, «Ерлігі үшін» және «1941-1945 жылдардағы Германияны азат еткені үшін» медаль-



■ Бір топ жаңаарқалықтар: Ғалым Мұхамедин, Қорабай Есенов, Дәурен Ескекбаев, Қайрат Байбосынов, Серік Оспанов, Зәуре Жәркешова, Айтбек Нығызбаев Елордада концерттен кейін

# ӨНЕРЛІ ШАҢЫРАҚ,



■ «Ескене» ансамблінің топ жетекшісі Бөгембай Абайдилин мен Баттал Смағұлов

дерімен марапатталған. Елге келген соң да Ленин колхозында, одан «Дружба» совхозы құрылғанда ферма меңгерушісі, астық қоймасының кілтшісі сияқты абыройлы қызметтерімен ел құрметіне бөленген қарт майдангер бірнеше ұл-қыз өсіріп, 1968 жылы зейнеткерлікке шығып, 1996 жылы маусым айында 86 жасында қайтыс болған еді.

Мен Мұхаңды алғаш көргенде бесінші сыныпта (1967 жылы) оқитын едім. Біз сол жылы Ортау совхозы, Құрманқа ауылынан ол жақтағы төрт жылдық мектебіміздегі оқуымыздың тәмам болуына байланысты қоныс аударуымызға тура келді. Ол кісіден көз алдында қалған көрнісін қандай үлкен жиындар болса да, киетін киімі үстінде тозығы жеткен кейтель, галифе шалбар, аяғында хром етік болушы еді. Жараланған аяғын салты жанай басып, бір етігінің басы үнемі қисайып тұратын. Біз оқыған Талдыбұлақ сегіз жылдық мектебінде жыл сайын өтетін Жеңіс күнінде шағын ғана ауылымызда он шақты майдангер болса да, оқушылармен тек сол кісі ғана кездесу өткізіп, майданда болған уақиғаларды әңгімелеп, біздер мектеп оқушылары ол кісіге кітап сыйлап және жыл сайын мойнына үшкіл қызыл пионер галстугін тағып пионер қатарына қабылдап жатар едік. Шындығында, ауылда соғыстан абыроймен, мемлекеттік орден-медальдар тағып қайтқан жалғыз соғыс ардагері сол кісі болды десек болар. Сондықтан да, ел құрметтеп, лақап ат қойып «капитан» деп атап кеткен еді.

Менің атам (Бимат Іскекбай баласы, 1988 ж.т.) мен Мұхаң жас шамасы едәуір алшақ болса да, әзіл-қалжыңы жарасқан адамдар еді. Себебі, атам Сайдәлі руынан, Мұхаң Тұңғатар руынан, ал атам тұңғатарларға әрі жиен, әрі күйлеу болатын. Атам мұндайда үнемі жиендігін алға тартатын. Сондықтан да, Мұхаң атамның қойған аты «Шалқыма», ал Мұхаңның үлкен ұлы Асқарға қойған аты «Болыс» болатын. Себебі, Асекең біздің Ескене ауылында (ол кездері Ленин атында) біраз жылдар бойы моншәше басқарушысы болып қызмет істеген еді. Шындында, Мұхаңа шалқып немесе серпіп сөйлеу, етеп өсіріңкіреп, қосыңқырап сөйлеу мәнері тек сол кісіге ғана жарасатындай көрінетін. Мәселен, қорада соғымға сояр жалғыз байталы тұрса да, елге көз қылып «Әй, балалар анау қорадағы жылқылардың ішінен бір тәуірін таңдап әкеп сойыңдаршы, бүгін бір бас қосып, біраз ет жейік» немесе «анәу үлкен бөлмедегі шифонерлердің (шындығында ол үйдегі шифонер біреу-ақ қана болатын) ішіндегі кәстөмдердің (онда да бір-ақ костюм) ішінен бір тәуірін таңдап әкеліңдерші, бүгінгі фронтвиктердің жиналысына жарқыратып бір киіп барайын» деген тұрғыдағы сөз сапталары ол кісіге жарасып, ел алдында айдынын асыра түсетін.

Кейде арқаланып кеткен кезде желдей есіп: «Әй, ана Ақмола жаққа бара қалсаңдар, менің әкем Мәзбек баяндық мәгәзінін көре салыңдар, мүмкін әлі бар шығар», – деп жататын. Егер ғылыми зерттеулер жүргізсе, бұл сөзде де бір қисын болуы керек. Себебі, ХХ ғасырдың II-жартысында жаңадан бой көтерген Ақмола қаласында бірінші гильдия көпесі Баймұхамбет Қосшығұлов Мұхаңға өнеркәсіп, саудамен айналысқан қазақ көпестері аз болмаған. Зерттеушілер қазіргі ЦУМ, Конгресс Хол сияқты сол кездері Есіл өзенінің жағасын қуалай орналасқан қала орталығы болған жерлерде 48 болыс Ақмола үйезіне мәлім қазақша «Ақжапа», орысша «Зеленый ряд» немесе «Гостинный двор» атап кеткен зәуліл дүкенді қазақтар тұрғызған деген мұрағаттық құжаттар

бар деседі. Ал, Б.Қосшығұловтың шыққан тегі Жаңаарқа ауданының «Шажағай» деген жерін мекендеген Алтай тайпасының бір тарауы Алсай руының Шақа тармағы. Заман ағымын ерте түсінген «еті тірі» қазақ жастары алғашқы кезде Ақмолаға қоныс аударып, ірге көтеріп, жаңадан пайда бола бастаған орыс, татар көпестеріне жалдана жүріп, Қызылжар мен Ақмолаңның арасына кіре тартып, жүре келе орыс көпестерінен көргендерін олар да істей бастаған тәрізді.

Мұхаңның үлкен ұлы Асқарды мен алпысыншы жылдардың аяқ кезінде ол кісі сол кездегі Ленин бөлімшесіне басқарушы болып келгенде ғана көрген едім. Бөлімшеге қарасты біз тұрған Талдыбұлақ ауылының шетіндегі «Шошқа базы» (Хрущев дәуірінен қалған бір белгі болса керек) аталып кеткен, өзенге тау орналасқан ұзынша сиыр базы болатын. Жаздың соңы, күздің басы, қыс қамы, шөп түсіру науқаны. Совхоздың негізгі шаруашылығы сиыр өсіру, сол себепті де қысқа қарай әр баздың жанына маия-мая шөп («бір жарым немесе екі жылдық жем-шөп қоры» дегендей) үйіледі. Біз атам екеуіміз атпен шөп түсіріп, шөмелеп үйіп жатқан жігіттердің қасына жақындай бергенде жамырай сәлем берген шөпшілердің ішінен ерекшеленіп тұрған нар тұлғалы бір жігіттің қолын ала беріп, атам «Әй, Асқар! Болыс болыпсың, құтты болсын!» деп амандасқаны есімде. Шындығын айтқан кезде, мен ол кезде «болыс» деген сөздің түп-төркінін түсініп, байыбына бара бермейтін кезім ғой. Мен көрген Асекең үстіндегі пиджағын шешіп тастап, көйлегінің жеңін білігеге дейін түріп қойып, «болыстығына» қармай қасындағы жігіттерге үлгі көрсеткендей жердегі шөпті айырмай түйреп алып, «стогаметалымен» жарыса жоғары қарай лақтырып жатты. Кейіннен білсем еркін күрестен бірінші разрядты спортшы, салмағы сол кездері 135-145 келідей тартатын Асекең жас кезінде ауыр салмақта еркін күрестен республика деңгейінде Қарағанды облысы атынан күреске түсіп, алпысыншы жылдардағы бетке ұстар балуандарымыз Әбілсейіт Айханов, Петр Суриков сияқты танымал тұлғалармен бір сапта боз кілемге шығып, сынга түсіп жүрген екен.

Ленин бөлімшесін он жылдан аса абыроймен басқарған Асекеңнің менің есімде қалғанын тізер болсам, ауылда алғаш рет құрылыс жұмысын бастап, сиыр баздарын және бөлімше кеңсе үйін тұрғызғаны болар. Оған дейін кеңсе үйі үкімет тарапынан салынған ұзынша үй: ауылдағы кітапхана, радио торабы, шағын ғана клубымыз бәрі осы бір шаңырақ астында және бір басы ауыл малшылары кезектесіп тұратын тұрғын үйге айналған. Асекең ондағы өздеріне тиесілі екі бөлмелі «конторасын» кітапхана үшін босатып беріп, осыған қарама-қарсы жетпіс-сексен қадамдай жерден өздеріне басқарма кеңсесін салдырып, оған қасындағы ауыл моншасынан жылу жүйесін тартқызығанына куә болғанбыз. Келесі жылғы кезекте клуб пен кеңсе арасындағы жарты гектарға жуық алаңқайға парк жасамақ оймен қатар-қатар ағаштар отырғызыған еді. Өкінішке қарай, Асекең кеткен соң суғарылмай, күтім көрмеген ағаштар солып қалды. Бір кем дүние!

Асекеңнің «көкірегі ояу, құлағы түрік», өнер-білімнен де құралақан еместігін мына бір мысалдан-ақ айқын аңғарауға болады. Қазақ жерінің қай пұшағаны алып қарасанды да, тарихқа тунып тұр ғой. Жалпы Орталық Қазақстан өңірі тас дәуірінің неолит кезеңі мен қола дәуірі ескерткіштеріне айтқ. Соның бірі – әлемге әйгілі



«Атасу» мәдениеті. Өткен ғасырдың 50-70 жылдар аралығында «жоқ іздеген» археолог ғалымдар Жаңаарқа жеріне де ат басын бұрып, жиі келіп тұрған. Соның бірі – белгілі ғалым, академик Әлкей Марғұланның да Ескене ауылына жолы түсіп, Асекең ол кісіге ауыл тарихын зерттеуде жолбасшы, сапарлас болып, сол дәуірдің куәгеріндей Асекең кейінгі туған балаларының біріне «Марғұлан» деп есім беріпті.

Өнер жолын кумаса да, жан дүниесі өнерге жақын Асекең басқарушы болып тұрған жылдары шағын ғана ауылымызға ай сайын республикаға белгілі әртістер арнайы келіп, концерт қойып жататын.

Ашығын айтқанда, Мұхаңнан тараған аулеттің қай-қайсысы болмасын өнерден құралақан емес еді. Мәселен, үлкен сахналарға шықпаса да, Асекеңнің өзі де өнер ауылынан алыс болмады. Қай адамның болсын «оң жамбасына» келер бір әні болады ғой, телелес інісі Сапардың орындауындағы «Ақбулақ» әні де сондай әндердің бірі еді. Асекең мен Ғалекеннің қарындастары Бағдат, Сағдат және Алтын да ауылда аты белгілі айтулы дәстүрлі әншілер болды.

Ол кезде баламыз, біздер үшін аты аңыз болған, есімдерін тек «узынқұлақтан» (ол кезде телевидение әлі дамымаған кездер еді ғой) ғана естіп жүрген өнер саңлақтарын көзімізбен көріп, қол беріп амандасқанымыз біздер үшін үлкен мәртебе болатын. Ауылға сол кездері аттары аңыз болып ел аузында жүрген, қазақ өнерінің корифейлері Шабал Бейсекова, Кәукен Кенжетәев, Манарбек Ержанов, Мағауия Көшкінбаев, Мағауия Хамзин, Жүсіпбек Елебеков, Мәдениет Ешекеев, Шәмлі Әбілтайев, Жаңыл Қартабаева, Ләззат Сүйіндікова, Гүлбаршын Ақанова, Жәнібек Кәрменовтер ән салып, күй шерткен Ескене ауылының шағын ғана сахнасы ол

май қалды. Әрине, жасы егде тартқанда кеш те болса сахнаға шығып, аудандық, облыстық байқауларда жүлде алып, лауреат атанып жүрді. Бір өкінішті, өнер жолын ерте бастағанда республикалық деңгейде өнердің биік шыңында жүретін нағыз өнердің хас шебері болатын азамат еді.

Секеңнің әншілігі өз алдына, ал күйшілік өнерінің өзі бір мектеп. Жалпы, Арқа жері әншілерімен ғана емес, күйшілік мектебімен де әйгілі болған. Арқа дәстүрінде шертпе күйлерді дамытушы Саймақ, Сайдалы Сары Тоқа, Дайрабай, Баубек, Қыздарбек, Әбди, Ақмолда, Мақаш шарты бірқатар күйші-домбырашылар өткен. Қарақойшы да шабыттанған кездерінде көбінесе «Көкейкесті» мен Әбікен Хасеновтың «Қоңыр» күйін тартушы еді. 1928 жылдың өзінде Сәбит Мұқанов бұл күй туралы: «Домбырада бір күй бар «Көкей кескен», /«Көкей кескен» ұға алсаң шықпайды естен» деп «Сүлушаш» поэмасында тарихи терең бұл күйдің құдіретіне тағсанып, тебірене жырға қосса, ал сұңқар ақын Сәкен тағдырымен байланысты дүниеге келген «Қоңыр» күйінің жөні бір басқа.

Белгілі музыка зерттеушісі Уәли Бекенов өзінің «Күй табиғаты» деген зерттеу еңбегінің «Қазақ күйлерінің орындалу дәстүрлі ерекшеліктері» деген тарауында: «Көкейкесті» күйін орындап бере қою кез келген домбырашының қолынан келе бермейді. «Көкейкесті» күйін шын мәнінде орындау үшін домбырадағы қос шектің үстінен саусақтардың қарымен қағу арқылы домбырадан шыққан үнге «жан бітіруге» музыкадағы «вибрация» деп аталатын толқын басты рөл атқарады. Вибрация көпшілік күйлерде перне басудағы діріл арқылы беріледі, бұл діріл «Көкейкесті» күйінде кезек алмасып қағатын екі қолдың буынында да вибрация жүріліп отырады. Міне,

арасында мини-футболдан жарыстар өтті. Әр салмақ дәрежесі бойынша күреске түскен балуандардың мерейін одан әрі көтере түскен Айдын мен Жалын (демеуші болғандықтан өзі додаға араласпады) ауыр салмақта әкелері Асқар Мұхамедин атындағы жүлде тағайындап, оған Қарағанды қаласынан арнайы алдырып түрлі-түсті теледидар тіккені кейінгі ұрпаққа үлгі болар сауапты іс. Арада қаншама жылдар өтті, ал дүниенің бәрі қат болып тұрған сол жылдары бұл үлкен ерлікпен пара-пар дүние. Бір өкініштісі, жасын ғұмыр ерте қиылды, шырағы ерте сөнді, артында ойға түйген көп жоспарлар арман болып қала берді. Қазіргі уақытта Жаңаарқа ауданы орталығында жыл сайын боқстан жасөспірімдер арасында Айдын Мұхамединді еске алуға арналған республикалық деңгейде ашық біріншіліктер өтіп тұрады.

Міне, Ғалекеннің өскен ортасы, тәрбиесін алып өсіп-өнген ошағы осындай. Енді әншінің өзі туралы айтатын болсақ, өнер жолын Алматыдағы Республикалық эстрада өнері студиясын қазақ әнінің «Суржекейі» атанған Жүсіпбек Елебековтың сыныбында дүлдүл әнші Қайрат Байбосыновпен үзеңгілес болып аяқтап, халық композиторлары Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Естай, Иманжүсіп, Жарылғапберді, Мұхит, Шашубай, Тайжан, Нартай, Болман, Кенен, Құлтума, т.б. осы күндері авторы белгілі де белгісіз әндерді зерттеуші әрі сол әндердің өміршең болуын насихаттап жүрген өнерде үлесі бар әнші. Үлесі бар деуіміздің себебі Ғалекен тек әнші ғана емес, халық әндерін тірнектеп жинап жүрген зерттеуші әрі шәкірт дайындап жүрген ұлағатты ұстаз. Мәселен, әншінің репертуарындағы Сәкеннің «Бабаларыма», «Әуліпдек», «Көкшетау», «Естайдың соңғы әні», «Ертөлеудің әні», «Қос апаның әні», «Ақ шашақ», «Алтын кесе», «Бері келші-ай», «Бір торы ат, бір қара ат», «Жалғыз жусан», «Кек айдай», «Құла жекей», «Мәшине-шама», «Сұңқарым-ай», «Уғай-ай», т.б. бұл күндері архаизмге айналған әндердің киелі сахна төріне қайта оралуы осы ізденістердің жемісі.

Халық әндерін ел арасынан тірнектей жинап «тіріліп», «күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өңге қайтарып» жүрген Ғалекен қалық ақыны Тайжан Қалмағанбетұлының шығармаларын зерттеп, он алты әнін іздеп тауып, оларды жинақтап, 2013 жылы Тайжанның «Алтын кесе» әндер жинағы мен «Алтын кесе»

# ӨСКЕН ӘУЛЕТ



■ Қазақ үшін жеті қазынаның бірі, мал патшасы Қамбар ата тұқымы ауыл көркі...

замандарда біз үшін өнер мектебі, киелі де қастерлі үлкен өнер ордасындай еді.

Кейіннен осындай алыптар ізі қалған үлкен сахнада құрамында қазақ өнерінің біртуары әйгілі «Қарагөз» ансамблінің негізін қалаған Жақсыгелді Сейілов, Болат Есмұханов, Мара Есмұхановалармен қатар бір сапта жүрген, құрамында Ғалым Мұхамедин, Берекө Шөшенов, Ахат Байбосынов пен Роза Байбосынова болған «Жез киік» ансамблінің концерттеріне талай рет куә болғанбыз. Ол заманда думаны тарқамайтын шағын клубымызда кеңестік дәуірде таусылмайтын даталы күндер атаусыз қалмайтын, спектакльдер қойылып, оған ауылдық бастауыш комсомол ұйымының хатшысы Құрмаш Алшынбаев ағамыз бас болып, мектеп мұғалімдері Төлебай Құрманбаев, Жүмкен Әбдіқаримова, Бейбіт Аршабекова, Рысқұл Құсайынбекова сияқты ұстаздарымыз бен ауыл жастарының да қатысып, өз өнерлерін ортаға салуы қандай ғанибет, сол кездегі мектеп оқушылары біздер үшін үлкен тәрбие, өнер мектебі болатын.

Жетпісінші жылдардың орта тұсында ауылымызға тұрақты киноқондырғы орнатылып, оның алғашқы механигі Амангелді Иманбаев ағамыз болған еді. Енді кино көреміз деп әр сенбі, жексенбі сайын аудан орталығына шұбырмайтын болдық. Ол үнді фильмдерінің «аты шауып, бағы жанып тұрған» кез, қалай жолын табатыны белгісіз киномеханигіміз Аужекеннің арқасында ол жылдары «модаға» айналған фильмдерді аудан орталығынан бұрын біз көретін едік.

Ауыл өнерпаздары күшімен ұйымдастырылған вокальды-аспапты «Ескене» ансамблі де сол дәуір үшін ерекше құбылыс болған еді. Құрамында топ жетекшісі, ұйымдастырушысы Бөгенбай Абайділдин бас гитарада, Баттал Смағұлов дауылпазда, Жұмағали Айжанов ансамбльдегі барлық музыкалық аспаптарда (соло гитара, ионика, баян, аккордеон және домбыра) ойнап, тіршілік қамымен музыкалық білім алмаса да, ерекше қабілетті тума талант екендігін талай рет дәлелдеген еді. Зекен Әбдірахманов ол кезде Жезқазған қаласындағы политехникалық институттың студенті еді, апта сайын ерінбей концерттерге қатысу үшін келіп тұрды. Әкесі Әбдірахман Балабеков көп сөзге жок, біртоға еңбекқор адам еді. Тың игеру жылдары Ленин колхозында дала бригадирі болып, еңбек озаты ретінде Мәскеудегі Бүкілодақтық көрмеге (ВДНХ) жіберілген. Зекен де өнерге құштарлығы сондай бір жылдары сырттай бөлімге ауысып, әкесіне көмекші малшы бола жүріп, ауылдан он бес шақырымдай жердегі «Төртінші бригада» атанған елді мекеннен қысты күндері Арқаның аязды күндеріне, ызғырық желдің суығына қарамай үстінде тон, оның сыртынан тулыпқа оранып алып, үсті ашық Т-25, ауыл «тоқылдақ» деп атап кеткен трактормен келіп жүрді. Ол жылдары ансамбльдің сүйемелдеуімен жиі концерттер, апта сайын ауыл жастары үшін дискотекалар болып жататын. Арада жарты ғасырдай уақыт өтсе де, сол дәуірдің шуақты күндері мен думанды кештері біздің тұстас, замандастарымыздың жадынан мәңгі өшпек емес.

Міне, осындай ауылымыздағы дүбірлі доданың ортасында жүретін, сахнаның көркі болған саңлақтардың бірі – Ғалекеннің туған ағасы Сенбі (ел аузында Қарақойшы) Мұхамедин ағамыз болды. Өттен, үй ішілік күйкі тірлік қол байлау болып ауылдан ұзап шыға алмады. Нағыз талант, өнер адамы еді. Жалындап тұрған жастық шағында, «темірді қызған кезінде сок» дегендей, жанып тұрған дәуірінде ел алдына жарқырап шығып көріне ал-

сонда ғана домбырадағы үнге «жан бітіп», ол сөйлей бастайды. Орындаушылық өнерінің осындай бір күрделі түрінен басқаша түрде тартуға «Көкейкесті» көнбейді. «Көкейкесті» күйінде халық шежіресінің ұлылығы мен ұлағатты ақыл ойдың парасаты толғанады», – деп жазуы бұл күйдің құдіреті тек көңіл толқуынан туындап, шабыт шақырудың буымен ғана пайда болмағандығын сезінер едіңіз. Бұл пікірлерге қосыла отырып, Қарақойшының да орындаудағы осы күйлерді тыңдағанда халқымыздың табиғи болмысы мен сырлы тарихының терең тылсымына бойлағандай күйге түсерініз анық.

Қарақойшының орындауындағы әндерге келсек, мен үшін «Суржекей» және «Қанатталды» әндерінің орны бөлек. Жібектей созылған майда үнмен баяу басталатын «Суржекей» әні бірден бірге өсе беріп, сұлу қыздың ауылының тұсынан ат үстінде құйқылжытып ән салып бара жатқан жігіттің кескін кейіпін көз алдыға келтірсе, ал бұған керісінше жоғарыдан шырқала басталатын «Қанатталды» әні шыңның басына қиналмай шығып, аспапта біраз шарықтап барып, қалықтап біртіндеп түсетіндей әсерде боласың. Халқының рухын көтеріп, әнінің бақытын ашқан әншіні халқымыз да әрдайым ардақтай білген.

Мұхаңның тұңғышы Асекеңнің де бала-шағасы көп болды. «Сегіз ұлым бір төбе, Ертөстігім бір төбе» дегендей, олардың ішінде Айдыны ерекше еді. Әке жолын қуып, ең кенжесі Жалын күреспен айналысып, қазақша күрестен спорт шебері дәрежесіне дейін жетсе, ал Айдын бокс қолғабын киіп, боқстан спорт шебері деңгейіне дейін жеткен еді. Оның ел тұтқасын ұстар азаматтығының бір көрінісі мен бастап, Алматыдағы бизнес саласында жүрген бауырларым қостап, 2003 жылы Ескене ауылына кумбезді мешіт тұрғызған едік. Ашылу салтанаты екі күнге ұласты, ел еңсесі бір көтеріліп қалды. Жезқазған, Жаңаарқа өңіріне белгілі жергілікті әнші-күйшілер жиналып, үлкен концерт беріп, арты спорттық сайыстарға ұласты: теңге алу, аударыспақ, ат бәйгесі, қазақша күрес және «бір атаның балаларынан» құралған командалар



■ «Емізбесең емізбе, бәрібір артыңнан қалмаймын...»

үн таспасын шығарып, халық ақынының шығармаларын өмірге қайта әкелуінің өзі әншінің тек қана орындаушы ғана емес, қазақ өнерінің жоқтаушысы екендігін де байқатады. Сонау өткен ғасырдың тоқсаншы жылдарының бас кезінде «ән түгілі бас қайғы» болып жатқан тұста қазақтың дәстүрлі өнерінің жоғалып кетпеуін ойлаған ізденімпаз әнші Жезқазған музыкалық колледжінде «Домбырамен ән салу» мамандығы бойынша ұстаздық қызметін бастаған еді.

«Қазақ даласында төбелер көп, бірақ асқар таулар аз» демекші, қазіргі күндері не көп – әнші көп, бірақ таза табиғи даусыпен ән салып, әншілігін ұстаздық қызметімен жалғастырып жүрген әншілер аз. Қанша уақыт өтсе де, өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын мәселе – жас ұрпақ тәрбиесі. Дүниедегі ең сауапты іс ұстаз болып, елге дәріс беру екен. Халқымызда «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» немесе «Ұстасыз – шәкірт түл» деген қанатты сөздер бар. Өйткені, өнер жолындағы ұстаздың басты байлығы – тек орындаушылық қана емес, тәлімге бай өнер жолын қуған шәкірттерімен де өлшенеді. Ұстаз болу – қастерлі мамандық, бастаған ісіңнің, өміршен өнер жолыңның жарты жолда үзіліп қалмай, келешек ұрпаққа жеткізер ізбасарларыңның болғандығының өзі де бір бақыт қой. Осы тұрғыдан алғанда, Ғалекен арманы орындаған бақытты ұстаз. Отыз жылға жуық ұстаздық қызметінде Ғалекеннің дәстүрлі ән сыныбын аяқтап шыққан жетпіске жуық шәкірттері халықаралық және республикалық өнер байқауларының лауреаттары болуымен қатар, дербес еліміздің әр аймағында өнер саласында еңбек етуі де ұстаз еңбегінің бір жемісі, ұстаз мерейі емес пе?!

Әншілік ғұмырын жетпісінші жылдары Жезқазған қаласында «Жезкиік» ансамблі құрамында Жақсыгелді Сейілов, Болат Есмұханов, Мара Есмұхановалармен қатар, топқа енді ғана қосылған жас таланттар Ғалым Мұхамедин және Ғалекеннің болшақ жары, концерт жүргізушісі, көркемсөз шебері, Ақтоғайдың аруы Әлия Айтжанова, Берекө Шөшенов, Ахат Байбосынов пен Роза Байбосынова, т.б. болып өнер жолын бастаған еді. Осы ансамбль құрамында жүріп, Жақсыгелді Сейіловпен бірге, өмірлік қосағы Әлиямен бірге «Ән көңілдің ажары» тобын құрып, Жезқазған облысының шет шалғай ауылдарын қалдырмай аралай жүріп, ақ түтек боран, қақпаң аяздарға қарамай концерт қойғандары, яғни жол жүру азабы айтуға ғана оңай. Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Балтық елдері, Мәскеу, Ленинград қалалары мен Германия, Грузия елдерінде болып, өнерсүйер қауымның құрметіне бөлене отырып, қазақтың халық әндерін барынша насихаттады.

Өнер әлемінде қажымай, талмай үздіксіз еңбек етіп келе жатқан Ғалекен де үстіміздегі жылы қазына жас жетпіске жетіп отыр. Өнерге бүкіл саналы ғұмырын арнаған жерлес, замандас досымызға ән ғұмыры ұзағынан болсын дегіміз келеді. «Бақыт деген досыңның қабағында, жарыңның жанарында» дегендей, жарты ғасырға жуық жұптасып ғұмыр кешкен өнер иелеріне: «Көңілдерің қартаймасын, шаңырақтан құт-береке еш уақытта ортаймасын! Өмірлерің мәнді, шаңырақтарың сәнді болып, дастархандарыңнан дәм-тұз үзілмей, барыңыз берекеге, берекеңіз мерекеге ұлассын!» – деп тілек білдіргіміз келеді.

(А)

**Дәурен ЕСКЕКБАЕВ,**  
тарихшы, этнограф



## ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ТҰЛҒА



«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан». Ұлтымызда ұлағатқа айналған осынау бір тәміл шәкірттеріне білім мен тәрбие берген, олардың бойында ізгілік пен адамгершілік сынды қасиеттерді қалыптастыра білген ұстаз қауымының рөлін айшықтап тұрғандай. Өмірі өнегелі, ғұмыры ғибратты жандардың бірі – Қуанышқұл Меңдаяхова. Әлемі әдемі Қуанышқұл Меңдаяхқызының саналы өмір жолы ескелең ұрпақ үшін тағылымға толы десек артық айтқанымыз емес. Ол – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, еліміздің оқу-ағарту ісінің айтулы ардагері. Ол – Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ардақты ана, аяулы жар.

Қуанышқұл Меңдаяхова орта мектепті аяқтаған соң 1957-1961 жылдары Қызылорда педагогикалық училищесінде білім алады. 1961 жылы сол кездегі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Музыка-педагогика факультетіне түсіп, оқу орнын 1966 жылы «Орта мектептің мұғалімі» біліктілігі бойынша үздік бағамен бітірген. Еңбек жолын Қыздар институтының Жорды дирижерлау кафедрасында оқытушылығынан бастаған.

1973-1989 жылдары аталған жоғары оқу орнының Мектепке дейінгі тәрбие кафедрасының аға оқытушысы, доценті, 1989-2000 жылдары Музыка-калық педагогика факультетінің деканы, 2000-2008 жылдары ата-анасының қамқорлығынсыз қалған қыздарға арналған дайындық бөлімінің деканы қызметтерін атқарды. 2009 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасының профессоры болып еңбек етуде.

Қуанышқұл Меңдаяхқызы 1988 жылы «Қазақстанда ауылдық жерлерде мектепке дейінгі тәрбиенің дамуы» тақырыбында кандидаттық, 2010 жылы докторлық диссертацияларын табысты қорғады. Оған КСРО халыққа білім беру мемлекеттік комитетінің 1991 жылғы 2 қарашадағы шешімімен Мектепке дейінгі тәрбие кафедрасының доценті ғылыми атағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2010 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

Бүгінде ұлағатты ұстаз бакалавриат студенттері үшін «Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі)», «Тіл дамыту», «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруді ұйымдастыру және басқару» және магистранттар үшін «Мектепке дейінгі білім беру теориясының негіздері», «Мектепке дейінгі білім беруді басқарудың жаңа тұғырлары», «Қазіргі мектепке дейінгі ұйымның білім беру кеңістігін құру» курстары бойынша дәріс береді.

Ғалым-ұстаздың авторлығымен көптеген ғылыми мақалалар мен оқу және оқу-әдістемелік құралдары жарық көрді. Атап айтқанда, оның негізгі ғылыми ізденістерінің қатарында 4 монография, 2 оқу құралы, 3 оқу-әдістемелік құралы мен 60-тан астам ғылыми-педагогикалық мақаласы бар. Қазіргі күнге дейін ғалымның «Балабақша балаларының тілін дамыту әдістері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми негіздері», «Ауыз әдебиеті арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретудің әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралдары, «Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты монографиясы, «Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиенің дамуы», «Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі)» және «Мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытудың әдістемелік негіздері» атты оқу құралдары шықты. Сонымен қатар, Қуанышқұл Меңдаяхованың ондаған мақалалары республикалық ғылыми басылымдарда, конференция жинақтарында жарық көрді.

Қуанышқұл Меңдаяхқызы отандық және ресейлік бірқатар жоғары оқу орындарында «Научные методологические и методические основы социальной педагогики», «Малокомплектная школа: современные проблемы и пути модернизации», «Психолого-педагогическое обеспечение профессионального проектирования в повышении квалификации специалистов сферы дошкольного образования» тақырыптарындағы біліктілікті арттыру курстарына қатысқан.

Қазақстандық білім беру мен ғылымды дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін Қуанышқұл Меңдаяхова «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен, Ыбырай Алтынсарин атындағы және «Ұлағат» алтын медальдарымен, «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Ең үздік деканы», «Үздік қызметкері» атақтарымен марапатталған.

Ұстаз ұғымының мағынасы терең. Шәкіртінің жан-дүниесін түсініп, оны биікке жетелеу, жігерлендіру, өз болмысымен жақсылыққа тәрбиелеу нағыз ұстазға тән қасиеттер. Ұстаздық деңгейге жету үшін жәй ғана сабақ беру немесе мұғалім атану жеткіліксіз. Өз ісі мен шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, шынайы ықыласы оны басқарумен ерекшелеп тұрады. Біздің кейіпкеріміз Қуанышқұл Меңдаяхқызы осындай жан деп толықтай ой түюге болады.

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасының ұжымы**





ӘЛЕМНІҢ ЕҢ БИІК ҒИМАРАТТАРЫ

№	Атауы	Мемлекет	Биіктігі
01	Burj Khalifa	<b>БАӘ</b> (Дубай қаласы)	828 метр <b>(163 қабат)</b>
02	Merdeka 118	<b>Малайзия</b> (Куала-Лумпур)	679 метр <b>(118 қабат)</b>
03	Shanghai Tower	<b>Қытай</b> (Шанхай қаласы)	632 метр <b>(128 қабат)</b>
04	Makkah Royal Clock Tower	<b>Сауд Арабия</b> (Мекке қаласы)	601 метр <b>(120 қабат)</b>
05	Ping An International Finance Centre	<b>Қытай</b> (Шэньчжэнь)	599 метр <b>(115 қабат)</b>
06	Lotte World Tower	<b>Оңтүстік Корея</b> (Сеул қаласы)	554 метр <b>(123 қабат)</b>
07	One World Trade Center	<b>АҚШ</b> (Нью-Йорк)	541 метр <b>(94 қабат)</b>
08	CTF Finance Centre	<b>Қытай</b> (Гуанчжоу қаласы)	530 метр <b>(111 қабат)</b>
09	Tianjin CTF Finance Centre	<b>Қытай</b> (Тяньцзинь қаласы)	530 метр <b>(97 қабат)</b>
10	China Zun	<b>Қытай</b> (Бейжің қаласы)	528 метр <b>(108 қабат)</b>

Дереккөз | **Wikipedia.org**  
Инфографика | **Айнұр Қайратбекқызы**

# ӘЛЕМДЕ 69 ҒАРЫШКЕР ӘЙЕЛ БАР



ВАЛЕНТИНА ТЕРЕШКОВА – ӘЛЕМДЕГІ ТҮНГІШ ҒАРЫШКЕР ӘЙЕЛ

**Ғарыш – күрделі сала. Себебі, ғарышкер мамандығын игеру екінші бірінің қолынан келе бермейді. Төпсе темір үзетін жігіттердің өзі тартыншақтап қалатын бұл салаға қызығушылық танытқан нәзік жандылар да бар. Дегенмен, ұзақ жылдар дайындықтан өтсе де, ғарыш кеңістігіне шыға алмай арманда кеткен әйелдер көп. Ал, 1963 жылы қазақ даласынан алғашқы әйелдің ғарышқа ұшқаны тарихтан белгілі. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін әлемдегі тұңғыш ғарышкер әйел Валентина Терешкова мен оның көлеңкесінде қалған әйелдерге тоқталады.**

■ **ҒАРЫШКЕР ӘЙЕЛДЕР ҚАЛАЙ ІРІКТЕЛДІ?**

«Ғарышқа ұшатын әйел үміткерлерді қайдан табамыз» деген сұраққа ғарыш саласының мамандары бас қатырды. Мұнда ерлер мәселесі тез шешілді: комиссия мүшелері әскери ұшқыштар арасынан дайындығы мықты жігіттерді таңдап алды. 1960 жылдың басында КСРО-да реактивті авиацияның әйел ұшқыштарының саны көп болған жоқ. Сондықтан алғашқы іріктеу аэроклубтардың мүшелері болған қыздар арасында ДОСААФ желісі бойынша жүргізілді. 1962 жылдың басында парашютші, жасы 30-ға толмаған, бойы 170 см, салмағы 70 келіге дейін деген талап-пен үміткерлер ізделді.

Ярославль аэроклубының желісі бойынша үміткерлер тізіміне комсомол, тоқымашы және парашютші Валентина Терешкова кірді. ДОСААФ



САЛПИ РАИД – АҚШТАҢ ШЫҚқан ТҮНГІШ ҒАРЫШКЕР ӘЙЕЛ

қызға «Чайка» деген лақап ат қойған екен.

Өзінің ғарышқа ұшатынын Терешкова туыстарынан жасырып жүрген. Оның ата-анасы қызы «парашютшілер» жарысына қатысып жатыр деп ойлаған. Қыздарының «қандай жарысқа» қатысып жатқанын олар кейін радиодан білген.

1960-1970 жылдары Терешкова жоғары деңгейде саяси мансабын құрып, Жоғары Кеңестің мүшесі болды. Сонымен қатар, Кеңес Одағының шетелдегі елшісі болып жұмыс істеді. Қазір 85 жастағы Валентина Владимировна Мемлекеттік Думаның депутаты.

Айтпақшы, 2020 жылдың наурызында депутат Терешкова Ресей Федерациясының Конституциясына Ресейдің қазіргі президенті Владимир Путинге тағы екі рет президенттік сайлауға түсуге мүмкіндік беретін түзетуді ұсынған болатын.

Ғарышқа ұшуға үміткер болған Ирина Соловьева ол кезде 24 жаста болған. Мамандығы – инженер. Серов қаласындағы мектепті бітіріп, Орал политехникалық институтының құрылыс факультетіне түседі. Бірде институтта парашют үйірмесіне қатысу туралы хабарландыруды көріп, қызығушылық үшін баруға бел буған.

Тағы бір үміткер – 20 жастағы стенографшы Татьяна Кузнецова мектепті бітіргеннен кейін машинамен басу және стенография курстарын түскен. 1961 жылы Татьяна парашют спорты бойынша Мәскеудің абсолютті чемпионы атанды. 250-ден астам рет секірген Татьянаны іріктеу комиссиясы назарсыз қалдырмады.

Топтағы ең үлкен және ең тәжірибелі маман – Валентина Пономарева болды. 28 жастағы ол басқаларға қарағанда ұшқыш болатын. Мектепті Алтын медальмен бітірген Валентина «бейіндік» аэроклубы бар МАИ-да оқиды. По-2-ден бастап, кейін Як-18-ді игеріп, Тушинодағы авиопарадқа қатысады. Бірақ, бітіргеннен кейін ұшу мен жұмыс екеуін қатар алып жүру қиын болып, ол мамандығы бойынша қызмет етеді.

Әу баста Валентина Пономареваның ғарышкер болуына Юрий Гагарин қарсылық білдіреді. Тұңғыш ғарышкер комиссия мүшелеріне «Біз анамен тәуекел ете алмаймыз» дейді. Өйткені, сол кезде Пономарева тұрмысқа шыққан келіншек, ұлы бар ана болған. Бірақ, соңында оны бәрібір қабылдайды.

Сол кезде 21 жаста болған Жанна Еркінаның мамандығы – мұғалім. 1956 жылы мектепті бітіргеннен кейін педагогикалық институтқа түседі. Жоғарғы оқу орнын тәмамдап, ауылдық жерде мұғалім болып қызмет етеді. 1957 жылдан бастап Жанна Рязань аэроклубында айналысқан. Комиссиядан өту сәтінде ол 150-ден астам парашютпен секіргендігін айтады. Қыздың аспанмен уәстенуі әкесінен дарыса керек. Жаннаның әкесі – әскери ұшқыш, майдангер болған. Еркінна шет тілдер факультетін аяқтап, неміс және француз тілдерін жақсы меңгерген.

■ **ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН**

Иә, «Әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді». Бүгінгі кейіпкерлер соның дәлелі болса керек.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

■ **ҒАРЫШҚА ӘЙЕЛДІ ҰШЫРУ БІРІНШІ КІМНІҢ ОЙЫНА КЕЛДІ?**

The New York Times газетінің мәліметінше, қазір әлемде 69 ғарышкер әйел бар. Соның 54-і америкалық әйел. Орыстар бес, канадалықтар, жапондар, қытайлар екі, ағылшындар, француздар, итальяндар мен кәрістер бір-бір әйелден ғарышқа ұшырды. Өкінішке қарай, үш америкалық ғарышкер әйел Жерге оралмады. Ғарыш кеңістігінде опат болды. Ал, ғарышқа әйел ұшыру ойы қайдан шықты? Енді осы сұраққа жауап іздеп көрелік.

Юрий Гагариннің 1961 жылғы ғарышқа сапарынан кейін КСРО басшылары ғарышқа әйелді де ұшыруды қарастыра бастаған еді. Бір қызығы, әйелдің ғарышқа ұшуы туралы ойдың кімге тиесілі екені белгісіз. Бір болжам бойынша, бұл идея кеңестік ғалым Сергей Королевтікі. Ал, алғашқы ғарышкерлерді даярлауға жетекшілік еткен Николай Каманин күнделігінде осындай ойға келгенін жазады. Үшінші нұсқада Герман Титов өзі ұшып келгеннен кейін АҚШ-та болып, сол жақтан «Америкалықтар КСРО-ны осы бағытта айналып өту үшін әйелдер тобын құрады екен» деген жаңалықпен оралады.

1961 жылдың қазанында Сергей Королев ғарыш кадрларына жауап беретін ӘӘК қолбасшылығына ғарышкерлер отрядына қосымша қабылдау жүргізу туралы сұрау жібереді. Кеңестік ғарыш бағдарламасының басшысы оған бес әйелді енгізу қажеттігін атап өтеді. 1961 жылдың 30 желтоқсанында КОКП Орталық комитетінің президиумы қосымша ғарышкерлер қабылдауды бекітті.

Айта кетейік, ғарышқа аттанған 96-шы әйел – Джессика Уоткинс. 34 жастағы америкалық ғарышкердің ғарышқа сапары 2022 жылдың 27 сәуірінде басталды. Оның есімі ғарышқа ұшқан екінші қара нәсілді әйел ретінде де тарихта қалады.



МЭЖ КӨРӨЛ ДЖЕМИСОН – ҒАРЫШҚА ҰШҚАН ТҮНГІШ ҚАРА НӘСІЛДІ ӘЙЕЛ

■ **ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСЫ ҚАЛАЙ ЖҮРДІ?**

Жалпы, ғарышкер отряды әйелдер қауымын қуана қарсы алған жоқ. Оның бірінісі себебі, ғарышкер отряды әйелдер тобын қабылдауға дайын болмады. Өйткені, сол кезде барлық ер адамдар саптық жарғыға, субординацияға үйренген әскери қызметшілер болды. Солардың арасына қыздар топ ете қалды.

Ғарышқа ұшуға таңдалған бес нәзік жанды жасаққа қабылданғаннан кейін «қатардағы жауынгер» атағын беру арқылы әскери қызметке шақырылды. Әскери қызметкер болған соң олар арнайы форма киюі тиіс еді. Алайда, дайын тұрған костюм болмағандықтан, болашақ әйел ғарышкерлер басында ер адамның киімдерімен жүруге мәжбүр болды. Кейіннен оларға форма тігілді.

Тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин қыздарды «ақ қайыңға» теңесе, Алексей Леонов «әйел батальоны» деп ат қойған. Барлық жаттығулар мен сынақтарды қыздар еркектермен қатар жасады. Үміткер нәзік жандар центрифуганы да, сурдокамераны да он тәулік бойы жалғыз ұстап тұрды.

Ұшуға және ғарыштағы қиындықтарға дайындалу үшін іріктеудегі қыздар 70 градус ыстық пен 30% ылғалды термокамерада сынаудан өткен. Іріктеуден өткен қыздардың қайсысы ғарышқа ұшатыны соңғы уақытқа дейін құпия сақталған.

■ **ТЕРЕШКОВА ЖӘНЕ ҒАРЫШҚА ҰШУҒА ҮМІТКЕР ӘЙЕЛДЕР**

1963 жылғы 16 маусымда Байқоңыр ғарыш айлағынан әлемдегі алғашқы ғарышкер әйел Валентина Терешкова басқарған «Восток-6» ғарыш кемесі Жер серігі орбитасына шығарылды. Ғарыш кемесінің ұшуы 2 тәулік 22 сағат 50 минутқа жалғасты. Аспанға саяхат жасау ғарышкердің денсаулығына өте үлкен зиян тигізетінін білсе де, 26 жастағы ержүрек парашютші, спортшы Терешкова тарихта қалды. Ол ғарышқа бір өзі ұшқан әлемдегі жалғыз әйел ретінде танылды. Тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин тұңғыш ғарышкер

ҚАЗАҚ ӘЖЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН «БЕСІК ЖЫРЫ» АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫ



Қазақстанда биыл – Балалар жылы. Бала – біздің болашағымыз. Елдің ертеңгі тірегі де солар. Алайда, бүгінгі бала ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп өсіп жатыр ма? Ата-әже институтынан неге қол үзіп қалдық? Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің аза-йып бара жатқанынан қорқамын. Екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын. Үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп оққамын», – деген даналық сөзі бүгінгі әжелерді ойландыруы тиіс. Сондықтан 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Алматы қаласы бойынша әжелер арасында «Бесік жыры» байқауын өткізуді жоспарлап отырмыз. Байқаудың мақсаты – отбасылық үлгі-өнегені, бала тәрбиесіне жауапкершілікті насихаттау, тәрбиенің жайын түзеуге септігін тигізу.

БАЙҚАУДЫҢ ШАРТЫ

- I. Байқау екі кезеңнен тұрады;
- II. Әжелердің жасы 50-70 арасында болуы керек;
- III. Шашы қылмаған, шалбар киімген, нағыз қазақы әжеңік образына сай келуі тиіс.

ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ

I. Қатысушы өзі /аты-жөні, туған жылы, айы, күні, мекенжайы, отбасы, балалары мен немерелері/ туралы мәліметті; II. Видео арқылы бесік жырынан үзіндіні **8 777 681 43 91** WhatsApp нөміріне немесе **besik\_jury2022@mail.ru** электронды поштасына жіберуі керек.

**Ескерту:** Іріктеу кезеңі 3-25 мамыр күндері онлайн өтеді.

АҚТЫҚ КЕЗЕҢ

Іріктеу кезеңінен өткен қатысушылар ақтық кезеңге жіберіледі. **Ескерту:** Ақтық кезең 1 маусым күні сағ. 10.00-де офлайн өтеді.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

Ақшалай, заттай сыйлықтар және шипажай жолдамасына 20 пайыз жеңілдік.

ӨТЕТІН ОРНЫ

Алматы қ., Достық даңғ., 308, «Қазақстан» шипажайының мәжіліс залы.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Рабиға Қалдыбайқызы /+7 (777) 681 43 91/

АҚПАРАТТЫҚ ДЕМЕУШІ

«Qazaq» республикалық қоғамдық-саяси газеті.



«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз: **+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88**

**МЕНШІК ИЕСІ**  
РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ  
БАС ДИРЕКТОР  
БАС РЕДАКТОР  
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ  
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ  
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР  
ШОЛУШЫЛАР

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР**  
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ

**«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ**  
**МАХМУТ НӘЛІБАЕВ**  
**ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**  
**ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**  
**СВИИ МАХМУДИ**  
**МАРЖАН ЖАМБАЙ**  
**АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ**  
**ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ**  
**ҚЫЗЖІБЕК ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ**  
**МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ**  
**АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ**  
**ЖАНСАЯ ШЫҒЫСҚАН** – НҰР-СУЛТАН СЕРІК ШАЙМАН – ҚОСТАНАЙ  
**САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ**  
**ХУСАЙЫН ҰӘЛІЕВ**  
**ГҮЛБАРШЫН СӨРСЕКЕЕВА**  
**САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ**  
**ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАН**

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ**  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, А05А1D6, Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 309 кеңсе (редакция) А25Н9М7, Береговая көшесі, 12 үй (бас кеңсе)

**РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ**  
+7 (701) 505 48 48 kazakh\_2006@mail.ru

**ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР**

**Халықаралық Алматы әуежайы**  
Б. Майлин к-сі, №02

**Алматы метрополитенінің барлық бекеттері**  
«Райымбек Батыр», «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»

**«Алматы-1» теміржол бекеті**  
«Алматы-2» теміржол бекеті  
«Сайран» автобекеті

Станционная к-сі, № 01  
Абылай хан даң., № 01  
Төле би к-сі, № 294

**ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР**  
«Караван», «Kok tengri» (Алматы) дүңгіршектері

**ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР**  
«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

**ТАРАЛЫМЫ 21 000 ДАНА** **ТАПСЫРЫС № 652/ 67**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») және «Өмір-Нұр» (Талғар, Қонаев к-сі, 18) баспаханаларында басылды

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді; Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды; Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді; 2006 жылы Қоғамбай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты; Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады; Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына /тіліне жауап бермейді; Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады

жариялану ақысы төленген мақалалар